

СТАНДАРТТАР МЕН КОДЕКСТЕРДІ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕПТЕМЕ (РОСК)

Қазақстан Республикасы

БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ АУДИТ

2007 жыл мамыр

Мазмұны

Түйіндеме

- | | |
|------|--|
| I. | Кіріспе |
| II. | Институционалдық негіздер |
| III. | Бухгалтерлік есеп стандарттары: теория және практика |
| IV. | Аудит стандарттары: теория және практика |
| V. | Қаржылық есеп-қисаптың сапасын түсіну |
| VI. | Әдістемелік ұсыныстамалар |

Түйіндеме

Осы есептемеде Қазақстанның жалпы және қаржылық секторының компаниялары үшін жүргізілген бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп-қисап және аудит талаптары мен практикасын бағалау ұсынылған. Қаржылық есеп-қисап үшін бағалау және әдістемелік ұсыныстамалар әзірлеу үшін база ретінде Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары (ХҚЕС) және Халықаралық аудит стандарттары (ХАС) қолданылады, сондай-ақ бухгалтерлік есеп пен аудитты реттеудің, соның ішінде Еуропалық одаққа (ЕО) мүше елдердегі халықаралық тәжірибесі және түзу ниетті практикасы ескеріледі.

Әдістемелік ұсыныстамалардың мақсаты Қазақстанның Үкіметіне елдің әлемдік экономикаға интеграциясын, соның ішінде корпоративтік секторда қабылданған бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп-қисап және аудит практикасын нығайту арқылы қолдау бойынша көмек көрсету болып табылады. Қазақстан Президенті өзінің 2006 жылғы 1-ші наурыздағы халыққа жолдауында Қазақстанның дүниежүзілік экономикаға интеграция арқылы әлемнің неғұрлым бәсекелестікке жарамды экономикалы 50 елінің қатарына қосылуын елді экономикалық дамытудың ең маңызды міндеттерінің бірі деп жариялады. Сондай дамытудың және бәсекелестікке жарамдылықтың негізгі компоненті қазақстандық компанияларда шетелдік серіктестерде сенім туғызатын және олар үшін түсінікті болатын жоғары сапалы қаржылық ақпараттың болуын және қол жетерлігін қамтамасыз ету болып табылады; ондай ақпаратты дайындау және тексеру халықаралық стандарттарға сәйкестікте жүзеге асырылатын болады.

Қазақстанда 15,2 млн адам тұрады, ал жан басына жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2006 жылда 5 100 АҚШ долларын құрады. 2000 жылдан бері ЖІӨ нақты өсімі орта есеппен жылына 9 пайызды құрайды, ол көп жағынан мұнай өнеркәсібіне шетелдік инвестициялардың арқасында орын алып отыр. Қазақстанға расында төте шетелдік инвестицияларды (ТШИ) табысты тартудың сәті түсті, олардың жалпы көлемі 2004 жылдың соңына қарай 21,8 млрд

Осы баяндаманы Бүкіл дүниежүзілік банктің мамандарының тобы Қазақстанда 2005 жылдың қараша айында өткізілген диагностикалық зерттеудің нәтижелерін ескере отырып, дайындаған. Топтың жұмысына Фредерик Жилен (ECSPS) жетекшілік етті, ал оның құрамына кіргендер Дэвид Кейрнз (Лондон экономика мектебінен шақырылған профессор), Ишан Деликанли (Түркия Банк қызметін реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігі), Герт Карреман (философия докторы, бұрын білім беру мәселелері жөніндегі Директор, КГИБ, Нидерланд), Алия Ким (ECSPS), Галина Кузнецова (ECSPS) және Йан Ричи (Пейсли университетінің Халықаралық корпоративтік басқару және бухгалтерлік есеп орталығының Директоры, Ұлыбритания) болды. Зерттеу түрлі мүдделі тараптардың қызу қатысуымен қазақстандық билік орындарының басшылығымен жүргізілді.

АҚШ долларын құрады, бұл Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) үшін рекорд болып табылады. Алайда Қазақстанда қоржындық инвестициялар бұрынғысынша шамалы, оның үстіне сырттай қоржындық инвестициялардың жалпы ағынының басым бөлігі қазақстандық еурооблигациялардың еншісінде.

Жекеше коммерциялық банктер басым келетін қаржылық сектор Қазақстандағы неғұрлым динамикалы даму үстіндегі секторлардың бірі болып табылады. Алайда, жекеше секторды несиелендіру көлемі 2004 жылы 13 млрд АҚШ долларына (ЖІӨ 33 пайызына дерлік) дейін жеткеніне қарамастан, несиелік тәуекелдіктерді талдау бұрынғысынша шамалы дамыған, ал олардың қамтамасыздығына несиелер берілетін жобалардың қоржындарын бағалау мүдделі тұлғалармен және ақтық бенефициарлармен жағдаяттың көлегейсіздігінің жеткілісіздігінің салдарынан қиындаған.

Банктік емес қаржылық сектор бұрынғысынша шектеулі, бірақ өсіп келе жатқан рөл атқаруда. Қазақстан дербес шоттар ашылатын жекеше зейнетақылық қамсыздандырудың міндетті сұлбасын енгізді. Соның нәтижесінде 2004 жылы елде жалпы есеппен 3,7 млрд АҚШ долларына жуық немесе ЖІӨ 8,7 пайызын құраған активтерді басқаратын 16 тіркелген зейнетақылық қор болды. Сақтандыру секторы әлі де болса, шамалы, ал сақтандыру сыйлықақыларының үлесіне ЖІӨ 0,7 пайызына жуық тиеді. Жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерінің тұрақты өсуі қазақстандық корпоративтік облигациялар нарығының дамуына оң ықпал етті. Қор нарығы әзірше біршама шағын, бірақ жылдам өсіп келеді. Қазақстан қор биржасында (КАФБ) ресми баға белгіленетін бағалы қағаздар нарығын жалпы капиталдандыру 2004 жылда 9,2 млрд АҚШ долларына дейін жетті, яғни, 2003 жылмен салыстырғанда 68 пайыздан астамға ұлғайды.

Қазақстан әуел бастан (1995 жылдан бері) Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарының базасында Ұлттық бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарын әзірлеуге бет алып, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарын іске енгізу туралы жариялаған ТМД елдерінде алғашқылардың бірі болды, ол стандарттардың алғашқылары 1996 жылы қабылданды. 2002 жылы стандарттар әзірлеумен шұғылданатын орган ХҚЕС толық көлемде белгілі бір ұйымдармен белгіленген мерзімдерде қабылдауды ұйғарып, алға батыл қадам жасады. Сонымен қатар Қазақстан ТМД елдерінде біріншілердің бірі болып, аудит стандарттары ұғымын енгізген аудиторлық қызмет туралы заңды қабылдады. Нәтижесінде Қазақстан басқа ТМД елдерінің көпшілігінен анағұрлым жаңа бухгалтерлік есепке және аудитқа ие. Алайда, осы есептемеде көрсетілгендей, Қазақстан егер бухгалтерлік және аудиторлық практиканың сапасын экономикасы дамыған елдердің деңгейіне дейін көтергенді қаласа, оған әлі көп іс тындыру керек болады.

Қазақстандағы бухгалтерлік есеп және аудит реформасы

Жалпы алғанда Қазақстанда бухгалтерлік есеп 1995 жылғы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңның (2004 жылғы соңғы оқылымдағы «Бухгалтерлік есеп туралы» Заң) қағидаларымен реттеліп келді. «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңмен халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарына сәйкес қаржылық есеп-қисап жасау қаржылық ұйымдар үшін – 2003 жылғы 1-ші қаңтардан бастап, акционерлік қоғамдар үшін – 2005 жылғы 1-ші қаңтардан бастап және өзге ұйымдар үшін – 2006 жылғы 1-ші қаңтардан бастап белгіленген (мемлекеттік мекемелерден басқа). ХҚЕС көшуге белгіленген мерзімдерге дейін ұйымдар қаржылық есеп-қисап жасауды уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарына (КСБУ) сәйкес жүзеге асырып келді. Алайда, «Бухгалтерлік есеп туралы»

Заңға сәйкес, бұрын КСБУ қолданған кәсіпорындар 2006 жылғы 1-ші қаңтардан бастап ХҚЕС сәйкес қаржылық есеп-қисап жасауға көшуге тиіс (акционерлік қоғамдар ХҚЕС қолдануға 2005 жылғы 1-ші қаңтардан бастап көшуге тиіс болған).

Жаңа оқылымдағы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заң 2007 жылғы 28-ші ақпанда қабылданды. РОСК дайындаған топтың мүшелері таныса алған ең соңғы түзетулер үш деңгейлі есеп-қисап құрылымын енгізуді көздейді. Осы құрылымға сәйкес, микрокәсіпорындар бұрынғысынша оңайлатылған салық салу ережелерін қолданатын болады, шағын және орта кәсіпорындар (МСП) КСБУ қолдануға тиіс, ал көпшілікті мүдделі ұйымдар (ОПИ), сондай-ақ ірі компаниялар ХҚЕС қолдануға тиіс. «Көпшілікті мүдделі ұйымдар» термині осы санатқа акционерлік қоғамдар (коммерциялық емес ұйымдардан басқа), қаржылық ұйымдар, мемлекеттік капитал қатысатын компаниялар және белгілі бір жер қойнауын пайдаланушы компаниялар кіретін ретінде айқындалады. Ондай тәсілдеме ХҚЕС олар үшін әзірленбеген немесе оларға арналмаған ұйымдарда ХҚЕС қолдану проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

Банктер, сақтандыру компаниялары үшін, сондай-ақ кейбір листингілік компаниялар үшін бухгалтерлік есептің ерекше талаптары белгіленген:

- Банктер ХҚЕС қолдануға тиіс. Еншілес компаниялары бар банктер топтастырылған қаржылық есеп-қисап жасауға міндетті. Банктер аудитор растаған заңды тұлғаның есеп-қисабын жариялауға тиіс, алайда олар топтастырылған қаржылық есеп-қисапты жариялауға міндетті емес; демек, салымшылар мен басқа несиегерлер банктердің толық қаржылық ахуалы туралы жеткілікті ақпарат алуға талпынғанда көп қиыншылықтарға тап болуы мүмкін.
- Сақтандыру компаниялары қаржылық есеп-қисапты ХҚЕС сәйкес жасауға және аудитор растаған баланстық есептемені және пайдалар мен залалдар туралы есептеме жариялап отыруға тиіс.
- КАФБ листингінің жоғарғы санатына (А санаты) жататын листингілік компаниялар ағымдағы сәтке қарай өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын ХҚЕС сәйкес дайындауға міндетті. Алайда одан көрі төмен листинг санатына (В санаты) жататын листингілік компаниялар егер соңғысы заңнамаға қайшы келмесе, қаржылық есеп-қисапты ХҚЕС немесе КСБУ сәйкес жасай алады. КАФБ листингілік компаниялардан алынған ақпаратты өзінің Интернет-сайтында жариялайды, бірақ бұл орайда алынған ақпаратты егжей-тегжейлі тексеру жүргізілмейді деуге болады. Сөйтіп, листингілік компаниялардың қаржылық есеп-қисабының толымсыз және сапасы жағынан тұрақсыз болуы сирек емес.

Барлық басқа компаниялар, соның ішінде зейнетақы қорлары (акционерлік қоғамдар ретінде тіркелуге тиіс болатын) «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңды, сондай-ақ нақты типтегі компаниялар үшін арнайы белгіленген кез келген басқа талаптарды, мысалы, «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңды сақтауға тиіс болды. Осы заңға сәйкес, акционерлік қоғамдар міндетті жариялауға жатпайтын аудиторлық қорытындыны қоспағанда, аудитор растаған қаржылық есеп-қисаптарын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отыруға міндетті.

Көпшілікті мүдделі ұйымдардың көпшілігі заңды тұлғалар ретінде өздерінің қаржылық есеп-қисаптарының белгілі бір бөлімдерін Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отыруға тиіс екеніне қарамастан, ондай талап тұрғындар сондай қаржылық есеп-қисаптарды еш қиындықсыз оңай таба қояды дегенді білдірмейді, керісінше, ол

тұрғындарға қаржылық есеп-қисаптың толық нұсқаларына қол жеткізуге мүмкіндік бермейді. Оның үстіне, топтастырылған қаржылық есеп-қисаптарға қатынауға және олармен танысуға мүмкіндік шектеулі сипатқа ие. «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңның ағымдағы нұсқасы Үкіметке барлық ОПИ өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын тапсыруға міндетті депозитарий құруға мүмкіндік береді.

Қазіргі сәтте шамамен 27 КСБУ бар, олардың басым бөлігі тиісті КСБУ әзірлеу күніне болған ХҚЕС эквивалентіне негізделген. Сонымен қатар, кейбір КСБУ үшін ХҚЕС эквиваленті жоқ, ал ХҚЕС үшін ескерілген кейбір салалар КСБУ үшін ескерілмеген. Шағын бизнестің кәсіпорындары негізіне салықтық талаптар алынған оңайлатылған ережелерді сақтауға міндетті.

2006 жылдың мамырында күшіне кірген «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға елеулі өзгертулер енгізілді. Жаңа Заң бойынша, 2006 жылдың қарашасынан бастап, аудиторлық тексерістер, егер олар ұлттық заңнамаға қайшы келмесе, Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргізілуге тиіс. ХАС МФБ жанындағы Халықаралық аудиторлық практика комитетінің олардың Қазақстанда ресми аудармасына рұқсатын алған ұйыммен мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялануға тиіс.

Бұрынғы «Аудиторлық қызмет туралы» Заң Қазақстанда құрамында көптеген толық (және бүгін қолданыстағы) ХАС жоқ Қазақстандық аудит стандарттарын (КСА) қолдануды талап етті. Бұрын қабылданған режим кезінде аудиторлар көбіне қандай стандарттарды: сол сәтке қарай Қаржы министрлігі бекіткен 11 КСА, Қазақстан АП шығарған 48 стандартты КСА бүкіл жинағын немесе қолда бар барлық ХАС қолдану керектігін түсіне алмайтын. Жергілікті аудиторлардың көпшілігі ХАС ағымдағы толық нұсқасымен таныс боып шықпауының және жақын алдағы болашақта жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заңның қағидаларын тиісті түрде қолдануда айтарлықтай қиыншылықтарға ұшырауының тәуекелдігі бар.

Бухгалтер мен аудитор кәсіптері

Қазақстанда бухгалтер мен аудитор кәсіптеріне бірқатар кемістіктер тән, бұл білікті кәсіпқой кадрлардың ұдайы тапшылығына әкеліп соғады. Ол кемістіктер оқу дәрістерінің (яғни, университетте және аспирантурада), кәсіби дайындау және біліктілікті көтеру (ПК) курсы жүргізуге жарамды дайындығы бар оқытушылардың жеткіліксіздігіне байланысты. Жағдаят практикалық тәжірибеге қатысты талаптардың халықаралық стандарттарға сәйкес келмейтінінен және онша қатаң сақталмайтынынан қиындайды. Сонымен қатар, ПК және басқа кәсіби дайындық курстары жеткіліксіз.

Кәсіптік бірлестіктердің өздерінің мүшелеріне қатысты кәсіби қызмет сапасын бақылауды міндетті түрде жүргізуін талап ететін жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заңмен маңызды қадамдар енгізілуде. Барлық аудиторлар бір мезгілде тек бір кәсіптік бірлестіктің мүшелері болып табылуға тиіс. Кәсіби аудиторлық қызметтің сапасын бақылау үш жылда бір мәрте жүргізіліп отыруға тиіс. Сапаны тексеру рәсімдерін кәсіптік бірлестіктер белгілеуге тиіс. Аудитордың бақылау рәсімінен өтуге жарамсыздығы аудиторлық лицензияны уақытша қайтып алуға әкеліп соғады. Алайда заңның құрамында кәсіби аудиторлық қызметтің сапасына жүргізілген тексерістердің нәтижелеріне көпшіліктік сипат беру мүмкіндігі туралы қағида жоқ. «Аудиторлық қызмет туралы» Заң, болашақта аудиторлардың қызметін бақылауды жүзеге асыратын осындай бірнеше ұйымның болуы мүмкін екенін ескере отырып, “кәсіби бірлестіктердің” міндеттеріне сілтейді.

АП және тіркелген кәсіби «Аудиторлар алқасы» аудиторлық ұйымынан басқа, Қазақстанда бухгалтерлер мен аудиторларға арналған басқа кәсіптік бірлестіктер бар, олар: Кәсіпқой бухгалтерлер мен аудиторлар палатасы (ППБА), Қазақстан бухгалтерлер мен аудиторлар одағы. АП Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (МФБ) толық мүшесі болып табылғанымен, ол әзірше МФБ мүшелерінің міндеттері туралы қағидаларды (ПОЧ) түгел орындай бермейді. АП да, ППБА да Еуразиялық сертифицикатталған бухгалтерлер мен аудиторлар кеңесінің мүшелері болып табылады.

Аудит стандарттарын қабылдаумен қатар, АП өз мүшелерінің кәсіби білімі үшін жауап береді. АП 1998 жылғы МФБ Этика кодексінің негізінде өзінің Этика кодексін әзірледі. Алайда АП Кодексінде анағұрлым, әсіре тәуелсіз аудиторға қатысты тұрғыдан қатаңға айналған МФБ қолданыстағы талаптарының барлығы ескерілмеген. Сонымен қатар, РОСК дайындаған топ қолда бар Кодекс сақталмаған бірнеше жағдайды атады.

АП мүшесіне айналу үшін, дербес аудитор САР/СІРА (Сертифицикатталған практикашы бухгалтер / Сертифицикатталған халықаралық кәсіби бухгалтер) куәландыру бағдарламасының негізінде емтихандар өткізетін АП Біліктілік комиссиясымен (КК) куәландырылуға тиіс. Алайда емтихандарды табысты тапсырғандардың үлесі кандидаттардың нашар дайындығына, оқу бойынша тиімсіз бағдарламаларға және жоғары емтихандық стандарттарға байланысты көп болмай отыр.

ППБА қатысушылары – негізінен сертифицикатталған практикашы бухгалтерлер (САР немесе сертифицикатталған бухгалтерлер) және небәрі бірнеше Сертифицикатталған халықаралық кәсіби бухгалтер (СІРА немесе сертифицикатталған аудиторлар). ППБА өз мүшелері үшін кәсіптік ережелер шығарды, бірақ РОСК дайындаған топ анықтағандай, Палатаның жеке мүшелері ондай ережелердің бар екені туралы әдетте біле бермейді.

Қазақстанда ППБА куәландырған бухгалтерлер ППБА да, АП да куәландыру рәсімін бір САР/СІРА куәландыру бағдарламасының негізінде құрғанына қарамастан, аудитор болу үшін өздерінің (Сертифицикатталған практикашы бухгалтерлер / Сертифицикатталған халықаралық кәсіби бухгалтерлер) ретінде тәжірибелерін пайдалана алмайтынына байланысты, бухгалтерлер мен аудиторларды куәландыруда елеулі проблема орын алып отыр. Бұл ППБА куәландырған бухгалтер кез келген басқа бухгалтердің біліктілігі немесе бухгалтерлік жұмыс тәжірибесі жоқ адам секілді барлық КК емтихандарын тапсыруға тиіс болады деген сөз.

Қазіргі уақытта банктердің немесе сақтандыру компанияларының аудиторлық ұйымдарды ауыстырып отыруына талап белгіленбеген, бірақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға аудиторларды әр үш жыл сайын міндетті ауыстырып отыруды көздейтін түзету енгізу туралы ұсыныс бар.

Стандарттардың сақталуына мониторинг және бақылау

Қаржылық қадағалау жөніндегі агенттік барлық реттелетін нарықтарды – банктік секторды, сақтандыру секторын, қор нарығы мен зейнетақы қорларын қадағалау және реттеу үшін жауап береді. Білікті кадрлардың, әсіресе ХҚЕС саласында дайындыққа ие мамандардың жеткіліксіздігі АФН тарапынан қадағалау тиімділігін төмендетеді, бұл ХҚЕС сақталуына мониторинг секілді спецификалық міндетті орындауды қиындатады. Оның үстіне, АФН реттелетін компанияларды қадағалауды жүзеге асыру үшін қажетті құқықтық өкілеттіктерге ие болғанына қарамастан, бақылау шараларын тиімді деп те, уақтылы деп те атауға болмайды:

- Банктік сектор. Іс жүзінде АФН шын мәнінде жалпы мақсаттағы банктік қаржылық есеп-қисаптарды дайындау кезінде бухгалтерлік, есеп-қисап және аудит талаптарының сақталуын бақыламайды. Бір тұрғыдан оның себебі қадағалауды жүзеге асырғанда, АФН инспекторларының аудитор растаған қаржылық құжаттарды пайдаланбауында жатыр. Олай істеудің орнына, олар пруденциалдық есептемелерді зерделейді және өзінің тергеуін жүргізеді. Сөйтіп, «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңда және Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінде есеп-қисап талаптарын сақтамау үшін көптеген санкциялардың көзделгеніне қарамастан, РОСК дайындаған топ АФН аталған санкцияларды қолданған бір де бір жағдайды таба алмады.
- Сақтандыру секторы. Алайда, сақтандыру секторына қатысты, АФН қаржылық есеп-қисап ережелерін сақтауды қамтамасыз ету үшін анағұрлым жігерлі күш салуда және сақтандыру компаниялары үшін сенім тудырмайтын есептемелер беруге қатысты бірқатар нұсқаулықтар шығарды.
- Листингілік компаниялар. Барлығына қарап пайымдаса, қаржылық есеп-қисап ережелерінің сақталуына мониторинг АФН үшін де, КАФБ үшін де басым міндет болып табылмайтын секілді. Қазіргі уақытта жарияланатын қаржылық есеп-қисаптардың мазмұнына (яғни, қаржылық есеп-қисап стандарттарының сақталуына) мониторинг жоқ деуге болады. Негізгі назар құжаттарды белгіленген мерзімнен кешіктіріп тапсыру секірді әкімшілік мәселелерге бөлінеді. Соның нәтижесінде кейбір жағдайларда инвесторларға берілетін ақпарат компанияның қаржылық жағдайын тиіссіз көрсетуі және сонысымен инвесторларды адастыруы мүмкін.

Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарындағы олқылықтарды талдау

ХҚЕС және Қазақстандық бухгалтерлік есеп талаптары жалпы алғанда бір бірімен келісетініне жаппай сенімділікке қарамастан, олардың арасындағы алшақтықтар өте елеулі. КСБУ және ХҚЕС қолданылатын есептік саясатқа және ақпаратты ашуға қатысты бір бірінен айтарлықтай өзгешеленеді. Бұл КСБУ және ХҚЕС арасындағы айырмашылықтардың ойлағаннан көрі көп екенін көрсетеді. Жүйелі сипаттағы негізгі проблемалардың бірқатары анықталды:

- Негізгі қаражаттардың құнын бағалау әдетте құнсыздандыруға сынаманың және билік орындары гиперинфляция кезеңінде жүргізуді талап еткен мезгілдік қайта бағалаулардың жоқтығынан тым жоғары.
- Жалпы секторда жиі кездесетін өсімсіз қарыздар әдетте несиегерлердің баланстарында тым жоғары.
- Белгіленген төлемдер бар зейнетақылық бағдарламалар есепке алынбайды, бұл пассивтерді төмендетуге әкеліп соғады.

- Ауыл шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін формулалық негізде айқындауға беталыс байқалады, бұл аграрлық секторға ресурстарды бұрыс бөлуге әкеліп соғуы мүмкін.

Стандарттарды сақтауда (ХҚЕС және КСБУ сақтауда) олқылықтарды талдау

РОСК дайындаған топ стандарттарды сақтаудағы олқылықтарға талдау жүргізді, ол кәсіпорындардың көпшілігі жасайтын қаржылық есеп-қисаптардың сапасы заңнамалық базадан көрініс тапқан есеп-қисапқа талаптармен белгіленген деңгейден анағұрлым төмен екенін көрсетті.

ХҚЕС сәйкес жасалған, аудиторлар растамаған қаржылық есеп-қисаптар әдетте ХҚЕС сәйкес болып отырды, алайда бірқатар елеулі алшақтықтар анықталды, РОСК дайындаған топ олардың негізінде есептемелерді жасаушылардың, аудиторлардың мүмкіндіктеріне күмәндана бастады. Реттеуші органдардың мүмкіншіліктері қаржылық есеп-қисапты ХҚЕС сәйкес жасау процессінің сақталуын бақылауға мүмкіндік бермейді.

КСБУ сәйкес жасалатын қаржылық есеп-қисаптардың сапасы әдетте өте төмен болды ж»не РОСК дайындаған топ осы стандарттарды сақтамауға байланысты көптеген проблемаларды атады. Ол проблемалардың елеулі болғаны сонша, көптеген жағдайларда сондай қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланушылар олардың негізінде уәжді шешім қабылдай алмады, тіпті одан сорақысы, шешім қабылдау кезінде қателік жіберуі мүмкін еді. Жалпы алғанда, оның себебі есептеме жасаушыларды, аудиторлар мен реттеуші органдардың қызметкерлерінде КСБУ сақтау және орындалуын қамтамасыз ету үшін әлуеті жеткіліксіз болуына байланысты.

Аудит стандарттарын және олардың сақталуындағы олқылықтарды талдау

Жоғарыда аталғандай, жана «Аудиторлық қызмет туралы» Заң 2006 жылдың қарашасынан бастап ХАС қолдануды талап етеді, ал ол уақытқа дейін КСА қолданыста болады. КСА екі негізгі себепке байланысты, ХАС қарағанда едәуір артта: КСА негізіне ескірген ХАС нұсқалары алынған және КСА толық сипатта емес, өйткені ХАС құрамына кіретін 30 стандарттан астамның тек он бір стандарты бекітілген. КСА және ХАС арасындағы айырмашылықтар КСА сәйкес жүргізілген аудиторлық тексеріс ХАС сәйкес жүргізілген тексеріске қарағанда, ақпараттың сенімділігін анағұрлым аз ықтималдықпен растайтындай дәрежеде.

Соның нәтижесінде міндетті аудиторлық тексерістердің сапасы, РОСК дайындаған топтың пікірі бойынша, өте біркелкі болмаған. Халықаралық аудиторлық желілерінің құрамына кіретін жергілікті фирмалар ХҚЕС сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисапқа аудиторлық тексерістер жүргізген уақытта, олар КСБУ сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисапқа аудиторлық тексерістер жүргізуге қарағанда анағұрлым мұқият аудит рәсімдерін пайдаланатын және анағұрлым тәжірибелі қызметкерлерді бөлетін секілді. Сол секілді, ХҚЕС сәйкес жасалған және қарыз қаражаттарын тартатын немесе шетелде акциялар шығаратын компаниялар дайындағын қаржылық есеп-қисапқа аудиторлық тексерістер әдетте анағұрлым жоғары сапасымен өзгешеленеді.

Кейбір жергілікті аудиторлық фирмалардың халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс істеуге айтарлық күш салатынына қарамастан, олар жасаған аудиторлық қорытындылардың көпшілігінің нашар болғаны соншалық, аудиторлар растаған сондай қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланушылар аудиторлық фирма орындаған жұмыс туралы

қандай да бір тұжырымға келе алмады. Сонымен қатар, жергілікті аудиторлық фирмалар жасаған кейбір аудиторлық қорытындылар Этика кодексін, соның ішінде тәуелсіздік принципін сақтау тұрғысынан елеулі қауіп туғызды. Сондай-ақ жергілікті аудиторлық фирмалардың басым көпшілігі өздері қайта қаралған және жаңартылған «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға сәйкес пайдалануға тиіс болатын қолданыстағы толық ХАС нұсқасымен таныс болау фактісі де көп маасыздық туғызады.

Негізгі ұсыныстамалар

Осы баяндаманың VI Бөлімінде баяндалған барлық әдістемелік ұсыныстамалардың маңызы үлкен болса да, РОСК дайындаған топ оның пікірі бойынша, қаржылық жүйенің орнықтылығын, экономикалық өсуді (соның ішінде инвестициялық капитал тартуды) және жемқорлықпен күресті қамтамасыз ету үшін өте маңызды болуы себепті, «негізгі табыс факторлары» болып табылатын бірқатар ұсыныстамаларды бөліп шығарды. Төменде қарастырылатын және қисындық тізбектестікте 1-ші суретте көрсетілген осы өте маңызды ұсыныстамалар бухгалтерлік есеп және аудит инфрақұрылымының алты ірі компонентіне жатады, олардың әрқайсысы бухгалтерлік есеп пен аудитты жүзеге асыру мәдениетін және жалпы шарттарын қалыптастыруда көрнекті рөл атқарады:


- **Көпшіліктіктік мүдделі ұйымдар ХҚЕС көшуге тиіс (қысқа мерзімді перспективада):** ХҚЕС халықаралық деңгейде мойындалған және қаржылық ақпараттың сенімділігі мен салғастырымдылығын көтеруге көмектесетін кешенді жоғары сапалы қаржылық есеп-қисаптың негізі болып табылады. Өздерінің экономика мен қоғам үшін маңызына байланысты, *көпшіліктік мүдделі ұйымдар* қаржылық есеп-қисаптарын ХҚЕС сәйкес жасауға тиіс. Ондай ұйымдарды айқындау үшін үш өлшемді қолдануға болады: (а) биржада бағалы қағаздарға баға белгілеу; (б) бизнестің сипаты (мысалы, банктер және сақтандыру компаниялары); (с) бизнестің көлемдері (белгілі бір шекті деңгейден асатын баланс валютасы; жылдық айналым көлемі немесе жұмыскерлер саны). Бұл 2007 жылғы жаңа «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңда көрініс тапқан.
- **Аудиторлық тексерістер тек олар қоғамдық мүддені білдіретін және ол үшін мүмкіндіктер болған (қысқа мерзімді перспективада) жағдайда міндетті болуға тиіс:** Аудиторлық тексерістер заңнаманың негізінде міндетті тәртіпте жүргізілетін ұйымдардың саны қолда бар білікті аудиторлардың санымен шамалас болуға тиіс. Экономикалық саясатты әзірлеушілер аудиттың заңнамалық белгіленген талаптарын, олар Қазақстандық аудиторлардың мүмкіншіліктерінен асып кетпейтіндей, біртіндеп енгізуге тиіс.
- **Қоғамның бақылауында болатын кәсіби аудиторлық қызметтің сапасын сырттан бақылау және кәсіби аудиторлардың тәртіптік жауапкершілігін қамтамасыз ету жүйелерін құру және іске асыру қажет (орта мерзімді немесе ұзақ мерзімді перспективада):** «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға енгізілген түзетулер кәсіби аудиторлық қызметтің сапасын бақылау рәсімдерін енгізуді талап етеді, бірақ ол сұлбаларды қоғамдық қадағалау енгізуді қамтамасыз етпейді. Кәсіби аудиторлық қызмет шын мәнінде қоғамның мүдделеріне жауап беру үшін, негізінен аудиторлық практикамен айналыспайтындардан тұратын АП қызметін қоғамдық қадағалау жүйесін құру қажет. Ондай қадағалау органы сондай-ақ төмендегі функцияларды атқара алар еді: (а) кәсіби аудиторлық қызметтің сапасын бақылау жүйесі мәні бойынша да, нысаны бойынша да биік моральдық сипаттармен өзгеше болуы үшін шаралар қабылдау; (б) қоғамның аудитордың кәсібін сенімін арттыруға жәрдемдесетін шаралар қабылдау. Сонымен қатар, кәсіби аудиторлық қызметтің сапасын бақылау аудиторлық тексерістердің жоғары сапасын қамтамасыз ету үшін негіз қалаушы

маңызға ие, бұл жарияланатын қаржылық ақпаратқа сенімді арттырады және акционерлердің, инвесторлардың, несиегерлер мен басқа мүдделі тараптардың мүдделерін қорғауға кепілдік береді. Сапаны сырттан бақылау жүйесінің көмегімен алынған нәтижелер біліктілікті көтеру бағдарламасының және/немесе тәртіптік жауапкершілікті қамтамасыз ету жүйесінің (жағдайға қарай) шеңберінде пайдаланылуға тиіс. Аудиторлар палатасының сапаны бақылауды қамтамасыз ету жүйесін табысты іске асыруы Қазақстанда аудиторлық қызметтердің жоғары сапасына жету үшін негізгі маңызға ие.

- **Аудитор растаған қаржылық есеп-қисаптар жалпыға қол жетерлік болуға тиіс (орта мерзімді перспективада):** Қаржылық есеп-қисаптардың бүкіл жинағына, соның ішінде оларға ескерімдерге жаппай қол жетерлікке талаптың бірнеше себепке байланысты үлкен маңызы бар. Біріншіден, қаржылық есеп-қисаптардың жаппай қол жетерлігі үшінші тұлғалардың (соның ішінде несиегерлердің, жеткізушілердің, жұмыскерлердің және т.б.) мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді, өйткені бұл кәсіпорындар мен үшінші тұлғалардың арасында ақпарат бөлудегі теңсіздікті қысқартады. Екіншіден, бұл қоғамды ықтимал негативті экономикалық салдардан қорғауға көмектеседі; ол мысалы, экономикалық маңызды компаниялар жағдайында, егер олардың қызметі және/немесе жабылуы жергілікті экономикаға елеулі негативтік әсерін тигізуі мүмкін болса, маңызды бола алады. Ең соңында, бұл қаражаттарды кәсіпорындардың өздерінің ішінде де, экономика масштабында да анағұрлым тиімді бөлуге жәрдемдеседі, өйткені кәсіпорындардың жетекшілері мен инвесторлар қандай инвестициялық мүмкіншіліктер мен іскерлік операциялардың жақсы, ал қандайларының нашар екенін жақсырақ түсіне алады. «Бухгалтерлік есеп туралы» Заңға ұсынылған түзетулермен көзделген ОПИ үшін өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын қоғамдық депозитарийге табыстау туралы талап қаржылық есеп-қисаптардың жұртшылық үшін қол жеткізу деңгейін көтереді.
- **Салық кодексі құрған бөгеттерді жою мақсатында «салықтық көпір» құру қажет (қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада):** Қазақстанға «салықтар есеп-қисаптан соң» принципінің қандай дәрежеде стратегиялық жарамды мақсат болып табылатыны (егер ол жалпы жарамды болса) туралы мәселені қарастыру қажет. Артықшылықтардың қатарына қаржылық есеп-қисаптың нақтылығы және дәйектілігі (біздің ойымызша, зықысы шыққан «көлегейсіздік» терминінің мәнін ашатын), сондай-ақ талаптарды сақтауға байланысты ауыртпалықтың қысқаруы (яғни, кәсіпорындар қаржылық есеп-қисап және салық салу мақсаттары үшін есептемелердің жекелеген жиынтықталымдарын жасауға тиіс болмайтыны) жатады. Алайда, тәжірибе көрсеткендей, ондай факторларға бұлжымас қағида ретінде қарап, оларды толымды деп санау қаупі үлкен. Олар адамдардан бухгалтерлік есеп жүйесінің де, салық салу жүйесінің де өзіндік басымдықтары мен негіз қалаушы принциптері бар болу фактісін және басымдықтар мен принциптердің осы екі тобының арасындағы қатынастардың әрқашан тегіс болмауы мүмкін екендігін көлегейлеуі мүмкін. Стратегиялық мақсат айқындалғаннан кейін, билік орындарына салық төлеушілердің біразы салық салынатын табысты есептеу кезінде негіз ретінде ХҚЕС, ал басқалары – КСБҮ қолданатын жағдайларда туындауы мүмкін әлуеттегі проблемаларды жоятын салықтық салыстырып тексеру рәсімін әзірлеуге тура келетін сияқты. Ондай рәсім салық органдарының негіз ретінде қандай стандарттардың – ХҚЕС немесе КСБҮ – қолданылғанынан тәуелсіз, бухгалтерлік кітаптар мен салықтарды салыстырып тексеру нәтижесінде бірдей салық салынатын табыс шығуын қалай қадағалап отыруға тиіс болатынын айқындайды.

- **ХАС үшін аудит жүргізу бойынша анықтамалық, стандартты аудит әдістемесін және нұсқаулық әзірлеу қажет (орта мерзімді перспективада):** Егер АП жоғарыда аталған қызметтерді көрсете алса, бұл аудитор кәсібінің жалпы әлуеті мен әсіресе жергілікті аудиторлық фирмалардың әлуетін нығайтуға жәрдемдеседі. Бұл өз кезегінде аудит секторында дені сау бәсекелестікті дамытуға жәрдемдесетін болады, ол болса, Қазақстанның экономикасына оң әсерін тигізеді.
- **Қадағалау органдарының әлуетін нығайту мақсатында сынақ өтілдері және твиннинг бағдарламасын ұйымдастыру керек (қысқа мерзімді және орта мерзімді перспективада):** Қадағалау органдары (АФН, НБК, Қаржы министрлігі және т.б.) өздерінің негізгі мамандарын олар «өндірістен қол үзбей» тиісті салалардағы мониторинг және қадағалау бойынша үздік халықаралық практиканы, сондай-ақ ХҚЕС жұмыс істеу практикасын игеруі үшін басқа елдердің баламалы мекемелеріне сынақ өтіліне жолдап отыруға тиіс. Сонымен қатар, қадағалау органдары Қазақстанға басқа елдердің баламалы реттеуші органдарының АФН, НБК, КАФБ және т.б. жеке қызметкерлерімен жұмыс істей алатын тәжірибелі қызметкерлерін тарту үшін, қызметкерлермен алмасу бойынша келісімдер жасасуға тиіс.

ЕСЕПТІК САЯСТАҚА ЖӘНЕ АУДИТҚА ҚАТЫСТЫ ДССК ҰСЫНЫСТАМАЛАРЫ



Аса маңызды табыс факторлары

НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТЫМДАР МЕН АКРОНИМДАР

АФН	Қажры нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік
САР	Сертификатталған практикашы бухгалтер
КЕРЦБ	Еуропалық бағалы қағаздар реттеушілері комитеті
СІРА	Сертификатталған халықаралық кәсіби бухгалтер
СНГ	Тәуелсіз мемлекеттер достастығы
ПА	Аудиторлар палатасы
ПШБА	Кәсіби бухгалтерлер мен аудиторлар палатасы
ПК	Біліктілікті көтеру
КОМОБ	МФБ Білім жөніндегі комитеті (СМСОБ)
ЕО	Еуропалық одақ
ТШИ	Төте шетелдік инвестициялар
ЖІӨ	Жалпы ішкі өнім
СМСОБ	Халықаралық бухгалтерлік білім стандарттары жөніндегі кеңес (бұрынғы КОМОБ)
МСБУ	Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттары
СХҚЕС	Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі кеңес
КХҚЕС	Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі комитет
ФКХҚЕС	Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі комитеттің қоры
МСО	Халықаралық білім стандарты
МФБ	Халықаралық бухгалтерлер федерациясы
КИМФО	Халықаралық қаржылық есеп-қисап түсінікшелері жөніндегі комитет
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары
МВФ	Халықаралық валюта қоры
ППП	Бастапқы жариялы ұсыныс
ХҚЕСГС	Мемлекеттік сектордағы халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары
ХАС	Халықаралық аудит стандарттары
СПЭИ	Бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы
КСБУ	Қазақстандық қаржылық есеп-қисап стандарттары
КАФБ	Қазақстан қор биржасы
КСА	Қазақстандық аудит стандарттары
НБК	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
КГИБ	Голландия корольдік бухгалтерлер институты
ОПИ	Көпшіліктік мүдделі ұйымдар
ОС	Негізгі қаражаттар
КК	Біліктілік комиссиясы
РОСК	Стандарттар мен кодекстердің сақталуы туралы баяндамалар
МСП	Шағын және орта кәсіпорындар
ПОЧ	МФБ мүшелерінің міндеттері туралы қағида
ГП	Мемлекеттік кәсіпорын
АМР США	АҚШ халықаралық дамыту агенттігі

I. КІРІСПЕ

1. Қазақстандағы бухгалтерлік есеп және аудит практикасын осы бағалау Бүкіл дүниежүзілік банктің және Халықаралық валюта қорының (МВФ) Стандарттар мен кодекстердің сақталуы туралы есептемелер (РОСК) жасауға қатысты бірлескен бастамасының бір бөлігі болып табылады. Осы бағалаудың шеңберінде заңды тұлғалардың қаржылық есеп-қисабының сапасына ықпал ететін бухгалтерлік есеп және аудит режимінің артықшылықтары мен кемістіктері қарастырылады және міндетті талаптар мен іс жүзіндегі практикаға талдау жүргізіледі. Бағдар ретінде Халықаралық есеп-қисап стандарттары (ХКЕС)¹ және Халықаралық аудит стандарттары (ХАС)² қолданылады және бухгалтерлік есеп пен аудитты нормативтік реттеу саласындағы халықаралық тәжірибе мен түзу ниетті практика ескеріледі.

2. Қазақстан Үкіметі Бүкіл дүниежүзілік банктен Қазақстан мен Бүкіл дүниежүзілік банктің бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасының (СПЭИ) аясында бухгалтерлік есеп және аудит саласында осы РОСК дайындауды өтінді. СПЭИ – Қазақстан Үкіметі мен Бүкіл дүниежүзілік банк үлестік негіздерде қаржыландыратын үш жылдық бірлескен экономикалық зерттеулер бағдарламасы.

3. Қазақстанда 15,2 млн адам тұрады, ал жан басына жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 2006 жылда 5 100 АҚШ долларын құрады.³ КСРО ыдырағаннан кейін Қазақстанда іскерлік белсенділіктің төмендеуі 1990 және 1995 жылдар аралығындағы кезеңде нақты ЖІӨ 35% құлдыраған уақытта кеңестен соңғы кеңістіктегі ең көптерінің бірі болды. 1999 жылы басталған экономикадағы бетбұрыс мұнайдың бағаларының өсуіне және ауа-райы жағдайларының жақсаруына байланысты болды, бұл аграрлық секторға қолайлы ықпал етті. Шетелдік компаниялардың мұнай өнеркәсібіне инвестициялары мұнай өндіру көлемін ұлғайтуға көмектесті, соның нәтижесінде нақты ЖІӨ өсімі 2000 жылдан бастап орта есеппен жылына 9 құрады. Тұтынушылық бағалар инфляциясының орташа деңгейі 2000 жылдағы 13.4%-дан 2004 жылдағы 6,9 %-ға дейін қысқарды.

4. Қазақстанның үлесіне Орталық Азиядағы барлық төте шетелдік инвестициялардың (ТШИ) 80 пайызына жуығы тиеді, бұл орайда 2004 жылдың соңына қарай ТШИ ағыны үдей келе, қорытындысында 21,8 млрд АҚШ долларын құрады, Тәуелсіз мемлекеттер достастығындағы (ТМД) ең жоғары көрсеткіш болып табылады. Алайда Қазақстанда қоржындық инвестициялар бұрынғысынша шамалы, оның үстіне сырттай қоржындық инвестициялардың жалпы ағынының басым бөлігі қазақстандық еурооблигациялардың еншісінде.

5. ТШИ экономиканы қалпына келтіруді қамтамасыз етті, алайда ол инвестициялардың басым бөлігі өндіруші өнеркәсіпте, негізінен үлесіне инвестициялардың жалпы көлемінен 64,5 пайыз келетін мұнай өнеркәсібінде шоғырланған. Мұнай-газ өнеркәсібі Қазақстанның экономикасын дамытуда негізгі рөл атқарады. Мұнай мен газ ұлттық экспорттың 57 пайызына жуығын құрайды. Басқа секторлар мұнай өнеркәсібімен салыстырғанда әлі де болса әлсіз, мысалы, аграрлық сектордың үлесіне, ол бұрынғысынша елдің ең ірі жұмыс берушісі болып табылғанымен, ЖІӨ тек 7,9 пайызы (1992 жылы – 23 пайызы) келеді.

¹ Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарын бухгалтерлік есеп стандарттарын белгілейтін тәуелсіз орган – Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі кеңес (СХКЕС) шығарады, ол Лондонда (Ұлыбритания) орналасқан. 2001 жылдың сәуір айында СХКЕС оның бухгалтерлік есеп стандарттары «Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары» (ХКЕС) болып аталатыны туралы мәлімдеді. Сондай-ақ сол 2001 жылдың сәуір айында СХКЕС Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі комитет (КХКЕС) шығарған барлық Халықаралық бухгалтерлік есеп стандарттарын (МСБУ) қабылдайтынын жариялады. Оңай болу үшін, ХКЕС термині осы есептемеде ХКЕС және МСБУ екеуін де білдіреді.

² Халықаралық аудит стандарттары – Халықаралық аудит стандарттары және Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (МФБ) сенімділікке кепілдігі жөніндегі кеңес шығаратын стандарттар.

³ Gross domestic product based on purchasing-power-parity per capita, International Monetary Fund, World Economic Outlook Database, September 2005.

6. 1995 жылдан соң банктік сектордың сапасы жоғарылай бастады. Бұл секторда банктерді біріктірудің қызу процесі байқалды: 1995 жылы жұмыс істеген 130 банктің орнына 2005 жылдың маусымында тек 36 банк қалды. 2004 жылы жекеше секторды несиелендіру көлемі 13 млрд АҚШ долларына немесе ЖІӨ 33 пайызына дерлік жетті. Несиелік тәуекелдіктерді талдаудың жеткіліксіз дамыған деңгейіне, сондай-ақ олардың қамтамасыздығына несиелер берілетін жобалардың қоржындарын бағалау мүдделі тұлғалармен және ақтық экономикалық бенефициарлармен жағдаяттың көлегейсіздігінің жеткілісіздігінің себебінен болатын қиындықтарға байланысты банктік несиелік қоржындардың сапасының төмендеуі белгілі бір мазасыздық туғызады. Бұл әсіресе мүдделі тұлғалар туралы ақпаратты ашуға қатысты бухгалтерлік есеп пәктикасын жетілдіруді қажет етеді.

7. Банктік емес қаржылық сектор бұрынғысынша шектеулі, бірақ өсіп келе жатқан рөл атқаруда. Қазақстан, зейнетақылық қамсыздандыру ауыртпалығын мемлекеттің иығынан тікелей азаматтардың иығына аудару үшін, жекеше зейнетақылық қамсыздандырудың міндетті сұлбасын енгізді. 2004 жылдың соңына қарай ахуалы бойынша, елде жалпы есеппен 3,7 млрд АҚШ долларына жуық немесе ЖІӨ 8,7 пайызын құраған активтерді басқаратын 16 тіркелген зейнетақылық қор болды. 36 сақтандыру компаниясы қызметін жүзеге асыратын сақтандыру нарығы әлі де болса, шамалы, ал сақтандыру сыйлықақыларының үлесіне ЖІӨ 0,7 пайызына жуық тиеді.

8. Жинақтаушы зейнетақы қорларының активтерінің тұрақты өсуі қазақстандық корпоративтік облигациялар нарығының дамуына оң ықпал етті. Қор нарығы әзірше біршама шағын, бірақ жылдам өсіп келеді. Қазақстан қор биржасында (КАФБ) ресми баға белгіленетін компаниялар екі санатқа бөлінеді. А санатына бағалы қағаздармен қызу сауда алдын ала белгіленген деңгейден асатын және олар бойынша тұрақты баға белгіленімдері жарияланып отыратын кәсіпорындар жатады. В санаты тұрақтылығы одан кем трейдингіні көздейді, онда шекті көлемдер алдын ала ескерілмейді, ал баға белгіленімдері тек мезгіл-мезгіл тағайындалады. Қазіргі сәтте биржада жалпы есеппен алғанда, 79 кәсіпорынға баға белгіленеді (А санатының 47 кәсіпорыны және В санатының 32 кәсіпорыны). 2004 жылдың ішінде 17 акциялар эмиссиясы (А санатының 11 эмиссиясы және В санатының 6 эмиссиясы) және 35 облигациялық қарыз (А санатының 32 қарызы және В санатының 3 қарызы) болды. КАФБ ресми баға белгіленетін бағалы қағаздар нарығын жалпы капиталдандыру 2004 жылда 9,2 млрд АҚШ долларына дейін жетті, яғни, 2003 жылмен салыстырғанда 68 пайыздан астамға ұлғайды.

9. Қазақстан әуел бастан (1995 жылдан бері) Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарының базасында Ұлттық бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарын әзірлеуге бет алып, бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарын іске енгізу туралы жариялаған ТМД елдерінде алғашқылардың бірі болды, ол стандарттардың алғашқылары 1996 жылы қабылданды. Сонымен қатар Қазақстан ТМД елдерінде біріншілердің бірі болып, аудит стандарттары ұғымын енгізген аудиторлық қызмет туралы заңды қабылдады. Нәтижесінде Қазақстан басқа ТМД елдерінің көпшілігінен анағұрлым жаңа бухгалтерлік есепке және аудитқа ие. Алайда, осы есептемеде көрсетілгендей, Қазақстан егер бухгалтерлік және аудиторлық практиканың сапасын экономикасы дамыған елдердің деңгейіне дейін көтергенді қаласа, оған әлі көп іс тындыру керек болады.

10. Осы есептеме ең алдымен одан әріде реформалар жүргізудің пайдасына басты уәж болып табылатынға, яғни, жорамалдағы реформалардың Қазақстан мен оның азаматтары үшін пайдасына арналған. Осыған байланысты, осы есептемеде заңды тұлғалардың қаржылық есеп-қисап сапасын көтеруге және жекеше, сондай-ақ қаржылық секторлардың орнықты өсуіне жәрдемдесіп, сонысымен халықаралық қаржы нарықтарына және нарық экономикасының басқа құралдарына қол жеткізу мүмкіндігін кеңейтетін қаржылық есеп-қисап негіздерін құруға бағытталған жалпы сипаттағы ұсыныстамалар беріледі.

II. ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ НЕГІЗДЕР

A. Заңнамалық негіздер⁴

11. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес, коммерциялық кәсіпорын төрт ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардың тек біреуінде ғана құрыла алады. Олар мемлекеттік кәсіпорын (МК), шаруашылық серіктестік, акционерлік қоғам немесе өндірістік кооператив. Осы баяндама шығарылған сәтке қарай елде шамамен 5 400 МК, 125 000 шаруашылық, 2 700 акционерлік қоғам және 4 000 өндірістік кооператив болды.⁵

12. Жалпы алғанда Қазақстанда бухгалтерлік есеп «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңның қағидаларымен реттеліп келді. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2007 жылғы 28-ші ақпанда «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңның жаңа оқылымына қол қойды, ол бойынша, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес бір дүркіндік талонның немесе патенттің негізінде арнайы салық режимін қолданатын жеке кәсіпкерлер бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есеп-қисап жасауды жүзеге асыруға құқысыз. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің басқа санаттары үшін қаржылық есеп-қисап жасауды ХҚЕС негізінде әзірленетін ұлттық қаржылық есеп-қисап стандарттары бойынша жүзеге асыру көзделген. Бұл орайда неғұрлым оңайлатылған ұлттық қаржылық есеп-қисап стандарты шағын кәсіпкерлік субъектілері мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғалар үшін, сондай-ақ оңайлатылған мағлұмдаманың негізінде әзірленетін болады.

Сонымен қатар, ҚР «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заңымен шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері үшін ХҚЕС қолдануды ерікті таңдауға тыйым салынбаған.

13. Ірі кәсіпкерлік субъектілері мен көпшіліктік мүдделі ұйымдар қаржылық есеп-қисапты халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарына сәйкес жасауға міндетті. Көпшіліктік мүдделі ұйымдарға қаржылық ұйымдар, акционерлік қоғамдар (коммерциялық емес ұйымдарды қоспағанда), жер қойнауын пайдаланушы ұйымдар (кең таралған пайдалы қазбалар өндіруші ұйымдардан басқа) және жарғылық капиталдарында мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдар, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығында құрылған мемлекеттік кәсіпорындар жатады. Мұндай тәсілдеме ХҚЕС олар үшін әзірленбеген немесе оларға арналмаған ұйымдарда ХҚЕС қолдану проблемасын шешуге мүмкіндік береді.

14. Төменде берілген кестеде қандай қаржылық есеп-қисаптардың жалпыға қол жетерлік болуға тиіс екендігіне қатысты құқықтық талаптар жалпыланады:

Ұйымның типі	Баланс	Табыстар мен шығыстар туралы есептеме	Ақша қозғалысы туралы есептеме	Меншік капиталдағы өзгерістер туралы есептеме	Ескерімдер	Аудит орлық қорытынды	Баяндаманың тармағы
Акционерлік қоғамдар	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	15
А санатының листингтік компаниялары	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	Иә	16

⁴ Осы баяндамада бухгалтерлік есепке, аудитқа және қаржылық есеп-қисапқа қолданылатын құқықтық принциптер қысқаша сипатталған және ондай сипаттама тек осы мәселелерге кіріспе ғана болып табылады. Осы баяндама заңнаманы толық түсіндіруге ұмтылмайды, ал оның оқырмандары оны құқықтық мәселелер бойынша кеңес ретінде қабылдамауға тиіс.


⁵ Дерек көзі: Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі.

В санатының листингтік компаниялары ⁶	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Иә	16
Банктер	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Иә	18
Сақтандыру компаниялары	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Жоқ	Иә	Қолданылмайды
Зейнетақы қорлары	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Жоқ	Қолданылмайды
МК	Иә	Иә	Иә	Иә	Жоқ	Иә	19

15. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес, акционердің компанияның қызметі туралы ақпарат, соның ішінде акционерлердің Жалпы жиналысымен немесе компанияның Жарғысымен белгіленген нысанда қаржылық есеп-қисаптарды алуға құқығы бар. Осы Заң сондай-ақ барлық акционерлік қоғамдардың аудитын жүргізуді талап етеді, бірақ аудиторлық қорытындының жалпыға қол жетерлігін қамтамасыз етуді талап етпейді. Сонымен қатар, Заңға сәйкес жылдық қаржылық есеп-қисаптар мен аудиторлардың қорытындылары акционерлердің танысуы үшін акционерлердің жылдық жиналысын өткізу күнінен кем дегенде он күн бұрын танысу үшін дайын болуға тиіс. Осы Заңның енді бір талабы компанияның бұқаралық ақпарат құралдарында өзінің балансын, табыстар мен шығыстар туралы есептемесін, ақша қозғалысы туралы есептемесі мен меншік капиталдағы өзгерістер туралы есептемесін жариялауы болып табылады. Заңда топтастырылған қаржылық есеп-қисаптарды жариялау қажеттілігі туралы анық нұсқау жоқ. Практика жүзінде топтастырылған қаржылық есеп-қисаптарға қол жеткізу мүмкіндігіне ие болу қиын.

16. «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Заң компания кез келген мүдделі тұлғаға қаржылық есеп-қисаптардың құрамындағы ақпаратты беру мақсатында бастапқы көпшіліктік ұсыныс (ППП) жасауын талап етеді. Заң сондай-ақ ол ақпараттың уәкілетті органға жолдануын және бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын талап етеді. Енді баға белгіленген компаниялардың қаржылық есеп-қисаптарын жариялауға талап тек Қазақстан қор биржасының (КАФБ) листингтік ережелерімен айқындалады. Эмитенттер КАФБ атына тоқсандық және жылдық есептемелерін (соның ішінде қаржылық есептемелерін) жолдауға міндетті. Ең жоғары листинг санатының (А санаты) эмитенттері өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын ХҚЕС сәйкес жасауға тиіс. Алайда одан көрі төмен листинг санатының (В санаты) эмитенттері өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын дайындауға арналған стандарттар ретінде ХҚЕС, сондай-ақ КСБУ пайдалана алады.

17. КАФБ листингтік компаниялардан алатын ақпаратын өзінің Интернеттегі сайтында орналастырады. Алайда, КАФБ ол ақпаратты мүлдем тексермейтін, соның нәтижесінде ақпараттың сапасы біркелкі емес және көбіне қаржылық есеп-қисаптарын ХҚЕС сәйкес жасауға үміткер компаниялардан күтуге болатын деңгейден төмен болып шығатын секілді. 2-ші суретте көрсетілгендей, қаржылық есеп-қисапқа заңнамалық талаптарды сақтамау негізінен қаржылық есеп-қисаптар мен аудиторлық қорытындыларға ескерімдерді тапсырмау түрінде көрінеді. Есеп-қисап беру талаптарын орындамайтын листингтік компаниялардың үлесі (солдан оңға қарай бағаншалар): 1) – Баланс 2) – Табыстар мен шығыстар туралы есептеме 3) – Меншік капиталдағы өзгерістер туралы есептеме 4) – Ақша қозғалысы туралы есептеме 5) – Ескерімдер 6) – Аудиторлық қорытынды 7) – Аралық есеп-қисап.



⁶ В санатының листингтік компаниялары қандай да бір арнайы бухгалтерлік есеп немесе қаржылық есеп-қисап стандарттарын қолдануы туралы талап болмағандықтан, олар «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңның талаптарын және қосымша ретінде, аудиторлардың қорытындыларын алуға талапты сақтауға тиіс деп саналады (16-шы тармақты қараңыз).

18. **«Банктер және банк қызметі туралы» Заң банктердің өздерінің жылдық есептемелерін жариялағанын талап еткенімен, ол топтастырылған қаржылық есептемелердің жалпыға қол жеткізерлік болуын талап етпейді.** Заң жылдық есептемені, соның ішінде балансты және табыстар мен шығасылар туралы есептемені аудиторлар тексергеннен және акционерлердің Жалпы жиналысы құптағаннан кейін ол қаржылық есептемелерді жариялауды көздейді. Филиалдары бар банктер сондай-ақ сол іспеттес форматта топтастырылған қаржылық есептемелер жасауға міндетті және ондай есептемелер меншік иелеріне және банк секторының, сақтандыру секторының, бағалы қағаздар нарығының және зейнетақы қорларының қызметін қадағалауды жүзеге асыратын Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттікке (АФН) жолданады. Аудитор тексерген баланстық есептеменің және пайдалар мен залалдар туралы есептеменің топтастырылған нысандарын жариялау туралы талап Қазақстан Ұлттық банкі Кеңесінің қаулысында аталған. Алайда, ондай нысандардың пайдаланушылар үшін маңызы шектеулі сипатта болады және оларды топтастырылған қаржылық есеп-қисап ретінде қарастыруға болмайды. Бұл Базель банктік қадағалау жөніндегі комитеті шығарған «Тиімді банктік қадағалаудың негіз қалаушы принциптерінің» 21-ші Принципінің мағынасынан алшақ. Соның салдарынан салымшылар мен басқа несиегерлер банктік топтардың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті ақпарат алуға талпынғанда, көптеген қиындықтарға тап болуы мүмкін.

19. **Қазақстан Үкіметінің 2001 жылғы 28-ші ақпандағы № 290 Қаулысы аудиторлар растаған МК қаржылық есептемелері таралымы 30 000 данадан артық Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып отыруын талап етеді.** Жарияланатын қаржылық есептемелердің форматын Қаржы министрлігі бекіткен. Қаулыда топтастырылған қаржылық есептемелердің жариялануға тиіс екендігі туралы анық нұсқаулар жоқ.

20. **Демек, көпшіліктік мүдделі ұйымдардың көпшілігі үшін қаржылық есептемелерін Қазақстандық бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға талап белгіленгеніне қарамастан, бұл жарияланатын (топтастырылған) қаржылық есептемелердің не толықтығына, не жалпыға қол жетерлігіне кепілдік бермейді.** Жоғарыда аталғандай, міндетті жариялануға жататын құжаттардың құрамы пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз (бұ әсіресе, қаржылық есептемелерге ескерімдердің жоқтығына қатысты), ал таңдап алынған бұқаралық ақпарат құралдары көбінесе пайдаланушылар үшін ыңғайсыз. Өзінің тапсырмасын орындаған бүкіл кезеңнің ішінде, РОСК дайындаған топ листингілік емес компаниялардың (топтастырылған) қаржылық есептемелерін алуға талпынғанда, көптеген қиындықтарға кезігіп отырды. Көптеген ірі компаниялар өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын Интернеттегі сайттарында ашпайды, ал ірі компаниялар мен ШОК бірқатарының басшылығына РОСК дайындау мақсаттары үшін қаржылық есептемелерді беру туралы өтінішпен төте жүгіністерге жауапқа топ бас тарту алып отырды. Сонымен қатар, 2007 жылғы «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заң Үкіметке барлық ОПИ өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын табыстауға тиіс болатын депозитарий құруға мүмкіндік береді, бұл қаржылық ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін көтереді.

21. 2006 жылғы мамырда қабылданған жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң Қазақстанда аудиторлық тексерістер жүргізу үшін Халықаралық аудит стандарттарын (ХАС) 2006 жылдың қарашасынан бастап қолдануды талап етеді. Оның алдындағы «Аудиторлық қызмет туралы» Заңның (1998 жыл) талаптарына сәйкес, аудит стандарттарын Республика аудиторлар палатасы (АП) қабылдауға және Қаржы министрлігі бекітуге тиіс болатын. АП аудит стандарттарының жобаларын дайындап, оларды Қаржы министрлігінің бекітуіне жолдады. Бұдан әріде төменде 50-ші тармақта аталғандай, бұл кәсіби аудиторлардың арасында қандай аудит стандарттарын қолдану керектігіне қатысты үлкен шатыстық туғызуға әкеліп соқты.

22. **Аудиторлар аудиторлық тексеру жүргізу кезінде телтірілген нұқсанның салдарына байланысты туындайтын жауапкершіліктен сақтандырылған болуға тиіс.** Алайда Заңда

сақтандыру өтемінің минималды қажетті сомасы туралы ештеңе айтылмаған, ал аудиторлардың азаматтық жауапкершілігінің ықтимал дәрежесі айқындалмаған. «Аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» Заң аудиторлық ұйымдардың азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді және оны жүргізудің құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық негіздерін белгілейді.

23. **Жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң сондай-ақ аудит бойынша заңнамалық базаға басқа да бірқатар маңызды өзгертулер (негізінен жақсарту жағына) енгізеді.** Ондай өзгертулердің қатарына төмендегілер жатады:

- Барлық аудиторлық фирмалардың аудиторларының кәсіптік бірлестіктердің біріне міндетті мүшелігі. Заң келешекте сондай бірнеше бірлестіктің болуын көздейді, алайда қазіргі сәтке қарай тек бір ғана аудиторлар үшін іс жүзінде әрекет ететін кәсіптік бірлестік - ПА бар;
- Жекелеген аудиторлардың бір аудиторлық фирманың мүшелері (бұрын жол берілгендей, дербес практикамен шұғылданатын аудиторлар емес) болуы туралы талап;
- Аудиторлық фирмаларда кем дегенде үш аудитор және ішкі сапаны бақылау жүйесінің болуы және аудиторлық фирманың акцияларының бақылау пакеті аудиторларға тиесілі болуы туралы талап.
- Кәсіптік бірлестіктер Қаржы министрлігінің бақылауының астында өз мүшелерінің қызметін қадағалауды жүзеге асыруға өкілеттіктер алуға тиіс.
- Кәсіптік бірлестіктер жеке заңды тұлғаның мәртебесіне ие болатын Біліктілік комиссиясына (КК) қатысу үшін өзінің мүшелерін бөлуге міндетті болады.

Осы есептеменің авторлары ұсынылатын өзгертулердің көпшілігінің идеяларын қолдауымен қатар, олар сондай-ақ Қазақстанға анағұрлым дамыған елдерді қуып жетуге көмектесуге бағытталған қосымша ұсыныстамалар береді. Шектеулі реформалар Қазақстан өзінің алдына қойған ғаламат мақсаттардан алшақ болады.

24. **Реттеу саясаты тұрғысынан, АФН шеңберінде реттелетін ұйымдардың аудитының бірыңғай нормативтік негіздерін құру үшін жеткіліктібілім алмасу жоқ.** Мысалы, егер банктер АФН бекіткен аудиторлардың қатарынан сырттай аудиторлар тағайындау туралы АФН хабарлауға міндетті болса, сақтандыру секторында ондай талап жоқ. Сонымен қатар, банктік секторда аудиторлық ұйымдарды ауыстырып отыруына талап белгіленбеген, бірақ «Сақтандыру қызметі туралы» Заңға ұсынылатын түзетулердің арасында сақтандыру компанияларының аудиторларды әр үш жыл сайын міндетті ауыстырып отыруды көздейтін түзету енгізу туралы ұсыныс бар. Осы баяндамада ауыстыру артықшылықтары қарастырылмаса да, реттеу ші қағидаларды үйлестіру өт жоғары дәрежеде мақсатқа сай, өйткені ол (а) тапшы реттеу ресурстарын тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, (б) реттеушілік жүктемені төмендетеді, (с) кәсіпкерлік қызмет үшін артық кедергілер туындауының алдын алады.

В. Бухгалтер мен аудитордың кәсіптері

25. 2007 жылы қабылданған «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заң кәсіпқой бухгалтерлерді куәландыруға және құзыретіне талаптарды белгілейді. Мысалы, кәсіпқой бухгалтер бухгалтердің кәсіби біліктілігін куәладыратын кәсіпқой бухгалтердің сертификатына ие жеке тұлға болып табылады. Бухгалтерлерді кәсіптік сертификаттау жөніндегі ұйым берген сертификатпен қатар, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының толық мүшелері болып табылатын институттар берген кәсіпқой бухгалтердің біліктілік куәліктері мойындалады.

Бұл орайда көпшіліктік мүдделі ұйымның бас бухгалтерінің қызметіне тек кәсіпқой бухгалтер тағайындалады.

26. **Келісімшартәпқой бухгалтерлер мен аудиторлар палатасы (ППБА) бухгалтерлердің кәсіби бірлестігі болып табылады.** Оның құрамына 1 127 дербес мүше кіреді, олардың басым көпшілігі Сертификатталған практикашы бухгалтерлердің (САР) базалық біліктілігіне ие және тек Палатаның бірнеше мүшесінде одан көрі жоғары Сертификатталған халықаралық кәсіпқой бухгалтерлердің (СІРА) біліктілігі бар. ППБА мүшелері барлық қамтылу салаларында: олар тұрғындарға өздерінің қызметтерін ұсынатын көпшіліктік практика саласында, өнеркәсіпте, саудада, мемлекеттік секторда және білім беруде жұмыс істейді. Өнеркәсіпте, саудада, мемлекеттік секторда және білім беруде жұмыс істейтін бухгалтерлер үшін кәсіптік бірлестікке мүшелік ерікті болып табылады.

27. **Бүгінгі даму сатысында ППБА қызметінің негізгі бағыты САР және СІРА біліктіліктерін алуға ықпалдасу болып табылады,**⁷ ол туралы төменде II Бөлімде айтылады. ППБА атап өткендей, Палата мүшелеріне арналған кәсіптік ережелер жарияланған, алайда РОСК дайындаған топ ППБА жекелеген мүшелеінің ол ережелердің бар екенін білетініне ешқандай дәлелдер таба алмады деуге болады. Өзінің кәсіптік бірлестік ретінде функцияларын анағкрлым толық дамыту мақсатында, ППБА Еуразиялық сертификатталған бухгалтерлер мен аудиторлардың кеңесіне қосылды.

28. **Қазіргі сәтте кәсіпқой аудиторлар корпусы олардың қаржылық есептемелері заңнамаға сәйкес міндетті аудиторлық тексеруге жататын кәсіпорындардың санымен салыстырғанда өте мардымсыз.** Қазір АП қатарында 424 дербес және 114 корпоративтік мүше бар. 2005 жылғы қарашаға қарай ахуал бойынша, Қаржы министрлігі дербес аудиторларға 412 негізгі лицензия және фирмаларға 234 негізгі лицензия берген. Олардың ішінде 28 фирмада банктердің аудитын жүргізуге лицензиялар, 36 фирмада – сақтандыру компанияларының аудитын жүргізуге лицензиялар және 8 фирмада – зейнетақы қорларының аудитын жүргізуге лицензиялар болды. Палата мүшесінің мәртебесі мен лицензиялары барлардың көбісі оларды КК куәландырудан кейін одан көрі күрделі емтихандар енгізілгенге дейін алған, сондықтан оларға ХҚЕС және ХАС білімдері бойынша емтихан тапсыруға тура келген жоқ.

29. **АП аудиторлар палаталарының федерациясы болып табылады. АП жүйесіндегі басқарушы орган Аумақтық аудиторлар палаталарының қызметін үйлестіретін Республикалық аудиторлар палатасы болып табылады.** Ол мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, шетелдік және халықаралық бірлестіктерде аудиторлардың, аудиторлық фирмалар мен Аумақтық аудиторлар палаталарының мүдделерін білдіруге; халықаралық практиканы ескере отырып, аудит стандарттарын әзірлеуге және бұл орайда аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың аудит стандарттарын сақтауын қадағалауға; аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың және тексерілетін ұйымдардың арасындағы аудитқа байланысты дауларды қарастыруға; келесіде куәландыру және кәсіптік білім алу үшін аудиторлыққа кандидаттарды оқытуды және дайындауды ұйымдастыруға; аудиторлар мен басқа мамандардың біліктілігін көтеруге; уәкілетті мемлекеттік органға аудиторлық лицензияларды қайтып алу немесе әрекетін тоқтату туралы ұсыныстармен жүгінуге; заңнамаға және халықаралық келісімдерге қайшы келмейтін өзге қызметпен шұғылдануға уәкілетті.

30. **Аудиторларды куәландыру «Аудиторлық қызмет туралы» Заңмен реттеледі және Біліктілік комиссиясы (КК) жүргізеді.** Аудитордың біліктілігін алуға куәландыру емтиханынан өту құқығы жоғарғы білімі бар, соңғы бес жылдың ішінде экономика, қаржы, бухгалтерлік есеп, талдау, аудит немесе құқық саласында үш жылдық жұмыс тәжірибесі бар, сондай-ақ бухгалтерлік есеп және

⁷ САР/СІРА бағдарламасы – Америка Құрама штаттарының Халықаралық дамыту агенттігінің (АМР США) кәсіпқой бухгалтердің біліктілігі проблемасын шешуге бағытталған бастамасы. САР/СІРА бағдарламасының мақсаты халықаралық техникалық талаптарға сай және бұл орайда экономикасы өтпелі елдердің бірегей жағдайларында жұмыс істеу үшін қажетті құзыреті бар кәсіпқой бухгалтерлер корпусын құру болып табылады. Сонымен қатар, бағдарлама барлық ТМД елдерінде қолдануға болатын бірыңғай сертификаттау жүйесін құрудың есебінен осы аймақта экономикалық және кәсіптік интеграцияны дамытуды көздейді.

аудит саласында маманданып, жоғарғы оқу орындарын ғылыми және оқытушылық қызметпен шұғылданатын жеке тұлғаларға беріледі.

31. **АП басқа елде алынған біліктілікті тек Қазақстанда сол елмен біліктіліктерді өзара мойындау туралы келісім болған жағдайда мойындайды.** Іс жүзінде бұл білікті шетелдік аудиторлардың Қазақстанда аудиторлық қызметті жүзеге асыруға лицензия алу үшін КК жүргізетін барлық емтихандарды тапсыруға тиіс болатынын білдіреді, басқа елдерден білікті аудиторлар тартуға кедергі болып табылады.

32. **Жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң АП үшін аудиторларды қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.** АП аудиторлық лицензияларды қайтып алу, әрекетін тоқтату немесе күшін жою туралы өтінішпен Қаржы министрлігіне жүгінуге құқығы бар; «Аудиторлық қызмет туралы» жаңа Заңға сәйкес, АП өз мүшелерінің сапасын сырттан бақылауды жүргізуге өкілеттіктері бар. Сол секілді, КК аудитор көрінеу жалған немесе біліксіз аудиторлық қорытынды берген немесе аудит стандарттарының негіз қалаушы талаптарын орындамаған немесе кәсіби қызметін жүзеге асыру кезінде өзге бір түрде заңнаманы бұзған жағдайда; немесе егер ол Аудиторлар палатасының аудиторлық қызметтің сапасын бақылау бойынша тексерісінен өте алмаса, аудитордың біліктілік куәлігінің күшін жоя алады.

33. **«Аудиторлық қызмет туралы» Заңның Қаржы министрлігіне кәсіби аудиторлық қызметті қадағалауды жүзеге асыру үшін жауапкершілік жүктейтініне қарамастан, қазіргі кезеңде лицензиялар беруге және күшін жоюға байланысты қабылданатын шаралар – юл әсіресе, Қазақстандағы аудит процессінің мониторингіне қатысты - тиісті халықаралық практика ден санауға болатын деңгейге жетпейді.** Анағұрлым тиімді мониторинг режимінен басқа, тиісті халықаралық практика кәсіби аудиторлық қызметті қоғамдық бақылауды көздейді. Қаржы министрлігі мүдделі тараптардың бірі болып табылатындықтан, ол аудиторлық қызметті бақылау шеңберінде барлық мүдделі тараптардың (инвесторлардың, несиегерлердің, реттеушілердің) сан алуан мүдделерін тиісті түрде білдіре алмайды. Қоғамдық бақылау жүйесі ресми аудиторлар мен аудиторлық фирмаларды бекітуді және тіркеуді, этикалық нормалар қабылдауды, аудиторлық фирмалар мен аудиторлық қызметтің сапасын бақылаудың ішкі жүйелерін, кәсіби біліктілікті көтеруді, сапаны қамтамасыз етуді, сондай-ақ бұзушылықтарды тергеу және тәртіптік жазалар қолдану жүйесін бақылайтын ақтық инстанция болуға тиіс.

34. **АП МФБ мүшелерінің міндеттері туралы қағидаларды (ПОЧ),⁸ сақтауға міндетті болғанымен, ол қазір барлық ПОЧ сақтамайды.** Палата Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (МФБ) және Еуразиялық сертифициатталған бухгалтерлер мен аудиторлар кеңесінің толық мүшесі болып табылады. ПОЧ сақтауға келетін болсақ, АП қазіргі уақытта атап айтқанда, «Сапаны қамтамасыз ету» 1-ші ПОЧ, «Бұзушылықтарды тергеу және тәртіптік жазалар қолдану» 6-шы ПОЧ, «Кәсіпқой бухгалтерлер үшін халықаралық білім стандарттары мен басқа КОМОБ құжаттары» 2-ші ПОЧ (төменнен II С Бөлімді қараңыз), сондай-ақ «Кәсіпқой бухгалтерлерге арналған МФБ этика кодексі» 4-ші ПОЧ сақтамайды.

35. **Аудиторлар палатасы қабылдаған, Палата мүшелері сақтауға міндетті Этика кодексі 1998 жылғы МФБ этика кодексінің негізінде жасалған; алайда онда нормативтік құжаттың мәртебесі жоқ және ол тек АП мүшелері үшін міндетті болып табылады.** АП Кодексінде кейіннен, әсіресе аудитордың тәуелсіздігіне қатыстыда едәуір қаталға айналған МФБ қолданыстағы

⁸ МФБ ПОЧ МФБ мүшелері болып табылатын немесе мүше болуға ниетті ұйымдар үшін нақты бағдар болып, оларға әлемнің түрлі елдерінде бухгалтерлердің жұмысының жоғары сапасын қамтамасыз етуге көмектесуге тиіс. ПОЧ сапаны қамтамасыз ету, білім стандарттары, аудит стандарттары, этика, бұзушылықтарды тергеу және тәртіптік жазалар қолдану және т.б. секілді мәселелерді қамтиды. Қосымша ақпаратты төмендегі мекен-жай бойынша сайттан табуға болады: <http://www.ifac.org/Compliance/index.php>.

талаптарының барлығы ескерілмеген. Сонымен қатар, РОСК дайындаған топ қазіргі Кодекс сақталмаған бірнеше жағдайды атап өтті.

С. Кәсіптік білім және кәсіптік дайындық

36. **Қазақстандағы бухгалтерлер мен аудиторлардың білім сапасын көтеру қажет**⁹. РОСК дайындаған топ кәсіпкерлік және экономика саласындағы білім экономика мен бизнестің жаңа талаптарына жауап бермейді және біліктілікті көтеруге, қысқа мерзімді кәсіптік дайындауды және куәландыруды ұйымдастыруға көбірек көңіл бөлу қажет деген тұжырымға келді.

37. **Іскерлік қоғамдастық өкілдерінің хабарларына қарағанда, оларға лайықты біліктілігі бар бухгалтерлік есеп және қаржы саласындағы түлектерді табу қиын, ал білім беру жүйесінің барлық деңгейлерінде білікті оқытушылардың ұдайы тапшылығы байқалады.** Университеттерде тек аздаған лекторлардың ХҚЕС сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисаппен жұмыс істеу үшін тәжірибесі немесе біліктілігі бар, соның нәтижесінде университеттердегі бухгалтерлік есеп және қаржы бойынша оқу бағдарламаларының көпшілігі бұрынғысынша кенес кезеңінде әзірленген қаржылық есеп-қисап жүйесінің негізінде құрылған. Сонымен қатар, көптеген университеттердің өз студенттерін тым қатал бағаламайтынын куәландыратын фактілер бар, бұл түлектердің бухгалтерлік есеп мәселелеріндегі және шектес салалардағы құзыреттілігіне сенімді болуға мүмкіндік бермейді.

38. **Кәсіптік біліктіліктерді университеттердің оқу бағдарламаларына интеграциялау бойынша бастама қол алынған.** АМР США жобасы университеттердегі оқу бағдарламаларының шеңберінде CAP/CIPA біліктілігін алуға дайындық курстарын ұйымдастыруға ықпалдасуда. 2005/2006 оқу жылының ішінде университеттер CAP біліктілігін алу үшін қажетті пәндер бойынша кем дегенде 89 курсты ұсынды. Қазір Білім министрлігі екі мемлекеттік университетте шетелден мамандар тартуды көздейтін экспериментті бастады. Алайда бухгалтерлік есеп және қаржы саласындағы университеттік білімді жалпы алғанда Қазақстанның даму үстіндегі экономикасының және соның ішінде кәсіби бухгалтерлік қызметтің қажеттіліктерімен сәйкестікке келтіру үшін қосымша жұмыс қажет болады.

39. **II B Бөлімде аталғандай, бухгалтерлік іс саласындағы жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби білімнің негізі халықаралық қаржылық есеп-қисап бойынша CAP/CIPA біліктілігін және АССА дипломын (орыс тілінде ДипИФР) алуға емтихандар болып табылады. ППБА біліктілік жүйесі екі деңгейлі бағалау сұлбасын, CAP/CIPA қолданады, ал ол уақытта КК CAP/CIPA біліктіліктерін алуға емтихандарды пайдаланады, бірақ бұл орайда өзінің бағалауын жүргізеді.** Соның нәтижесінде бір емтихандық жауап бір бағалау сұлбасы бойынша қабылданатын, бірақ бағалардағы алшақтықтарға байланысты басқа бойынша қабылданбайтын жағдай туындауы мүмкін. Алайда РОСК дайындаған топ КК белгілеген бағалау өлшемдерінің сол емтихандарды табысты тапсырған КК кандидаттарының (яғни, аудитор бола алатындардың) үлесі тап сол емтихандарды табысты тапсырған ППБА кандидаттарының үлесінен елеулі өзгешеленетініне әкелуінің ешбір нышандарын таба алмады.

40. **Жалпы алғанда, емтихандық стандарттар едәуір жоғары, ал емтихандарды ұйымдастыру және бағалар қою қатаң ережелерге сәйкес жүзеге асырылады.** Әлуеттегі аудиторларды бағалау үшін түпкілікті жауапкершілік КК міндетінде жатыр. Мемлекеттік органдардың өкілдері бұл процессте байқаушылар ретінде көрінеді, бірақ бағалар қоюға тікелей қатыспайды, ол КК айрықша прерогативасы болып табылады.

⁹ РОСК дайындаған топтың осы тұжырымы АМР США 2005 жылы жүргізген, жекеше кәсіпорындардың басшыларының кәсіпкерлік және экономика саласындағы білім беру бағдарламаларына көзқарасын көрсететін Орталық Азия аймағындағы кәсіпорындарды тексеру нәтижелерімен расталады.

41. **Бүгінгі жағдаят үшін жоғары емтихандық стандарттар және сол емтихандарды табысты тапсырғандардың төмен үлесі сипатты.** Бұл әсіресе емтихандардың екінші, анағұрлым жоғары деңгейіне (СІРА) тән және сөзсіз, білікті оқытушылардың тапшылығына байланысты. Егер САР курсы оқытушылар пайда бола бастаса, анағұрлым ілгері деңгей (СІРА) үшін білікті оқытушылар табу өте қиын. Оның үстіне Алматыда оқытушылармен жағдай елдің басқа аумағына қарағанда, анағұрлым жақсы. Осындай шарттарда қазі Білім министрлігі қолға алып жатқан шетелдік кадрлар тартуды көздейтін бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіншіліктер пайда болуда. Бұл университеттік білімнің сапасын көтеруге және елдің бүкіл аумағында анағұрлым жоғары деңгейде емтихандар өткізу үшін қажетті оқу материалдары мен оқытушыларды көбірек алуға мүмкіндік береді.

42. **САР/СІРА біліктіліктері алуға емтихандардың Халықаралық білім стандарттарында (МСО)¹⁰ тұжырымдалған және халықаралық мойындалған практиканың шеңберінде сақталатын оқу мазмұнына талаптардың айтарлықтай бөлігін (мысалы, заңнамамен көзделген міндетті аудитқа арналған ЕО «Компаниялар туралы заңнама» жаңа Сегізінші директивасының талаптарын) ескеретініне қарамастан, кәсіби біліктілік беру рәсімі Қазақстанда әзірше жалпыны қамтитын болып табылмайды.** САР/СІРА біліктіліктері алу үшін төмендегі пәндер бойынша емтихандар тапсыру қажет:

- Бірінші деңгей (САР):
 - Қаржылық есеп I
 - Әкімгерлік есеп I
 - Салық салу
 - Құқық
- Екінші деңгей (СІРА):
 - Қаржылық есеп II
 - Әкімгерлік есеп II
 - Қаржы
 - Аудит
 - Ақпараттық басқару жүйелері

Демек, университеттік біліммен бірге бухгалтерлік есеп саласындағы қазақстандық білім беру жүйесі МСО 1 және МСО 2 талаптарына жауап береді. Қалған МСО әзірше толық ескерілмеген.

43. **Экономикасы өтпелі басқа елдердің көпшілігі үшін секілді, Қазақстанға кәсіби машықтарды, құндылықтарды, этика мен ұстанымдарды дамытуға көбірек көңіл бөлу қажет.** МСО 3 құрамында машықтарға біршама жаңа көзқарас тұжырымдалған. Қажетті машықтардың қатарына интеллектуалдық, техникалық және функционалдық машықтар; тұлға аралық қатынастарды реттей білу және жұғысымдық; ұйымдастырушылық машықтар мен шаруашылық басқару машықтары жатады. Олар білім алу процессінде де, практикалық тәжірибе алу процессінде де игеріледі. Жазбаша емтиханның барысында машықтардың кең ауқымын бағалау қиын. Құзыреттілікті ескеретін, машықтарды дамытудың дәлелдері құрылымданған практикалық тәжірибені көрсететін құжаттарда тіркелетін тәсілдеме әзірлеу қажет. МСО 4 этикалық нормаларды сақтай отырып және қоғам мен кәсіптің мүдделерін барынша ескере отырып, кәсіби пайымдама шығару және әрекеттер жасау үшін кәсіптік құндылықтардың, этиканың және ұстанымдардың шеңберлік негіздерінің болуын көздейді. Оны ең абзалы, негізіне кандидаттар өздерінің мәселелерді тиісті кәсіптік құндылықтарға, этикаға және ұстанымдарға орай шешетінін көрсете алу үшін, кеңейтілген жағдаяттық зерттеу алынған емтиханның көмегімен бағалаған дұрыс сияқты.

¹⁰ МФБ Халықаралық білім стандарттарын МФБ Халықаралық білім стандарттары жөніндегі кеңесі белгілейді. They comprise of MCO 1, *Entry Requirements to a Program of Professional Accounting Education*, MCO 2, *Content of professional Accounting Education Programs*, MCO 3, *Professional Skills*, MCO 4, *Professional Values, Ethics and Attitudes*, MCO 5, *Practical Experience Requirements*, MCO 6, *Assessment of Professional Capabilities and Competence*, MCO 7, *Continuing Professional Competence*, and MCO 8, *Competence Requirements for Audit Professionals* (draft).

44. **Қазақстанда практикалық тәжірибеге қазіргі талаптар әзірше халықаралық стандарттарға сәйкес емес.** МСО 5 кем дегенде үш жылдық практикалық жұмыс тәжірибесінің болуын көздейді (осындай талап барлық ЕО мүше елдерде әрекет етеді). Қазақстанда аталған шарт тек номиналды орындалып отыр. Қолданыстағы АП ережелеріне сәйкес, кандидаттар емтихандарға қатысуға мүмкіндік алғанға дейін, олар практикалық жұмыс тәжірибесін алуға тиіс. Емтиханның нәтижелері өзінің күшінен айырылмауы үшін, олардан үш жарым жыл сайын қайтадан өтіп отыру керек. Алайда АП кандидаттар үшін қауымдастырылған мүшелердің мәртебесі жоқ, ал практикалық тәжірибенің мазмұны ешқандай ерекше нормалармен реттелмейді. Бұл практикалық жұмыс тәжірибесінің құрылымданбаған болып шығуы мүмкін және кандидаттар алған тәжірибе аудитор ие болуға тиіс машықтарға сәйкес болатынына ешқандан кепілдіктер жоқ деген сөз. МФБ және ЕО қабылданған практикалық тәжірибеге көзқарас Қазақстандағы бүгінгі жағдаяттан өзгеше, өйткені МФБ және ЕО талаптарына сәйкес, практикалық тәжірибе тиісті кәсіптік ортада алынуға, маңызға ие болуға, мониторинг және қадағалау объектісі болуға тиіс, ал кәсіптік бірлестік немесе реттеуші орган практикалық тәжірибе алу жүйесінің жұмысы үшін жауапкершілік көтеруге тиіс.

45. **АП да, ППБА да біліктілікті көтеруге (ПК) талап қояды, алайда практикада ол талаптың сақталуын қамтамасыз ететін ешқандай шаралар жоқ.** Қазақстандағы жағдаят ЕО және АҚШ-ның жақындағы өткенін еске түсіреді, онда біліктілікті көтеру міндетті талап болды, бірақ оны сақтау үшін жауапкершілік әрбір жеке адамға айрықша жүктеліп отырған еді. Қазіргі кезеңде МСО 7 сондай-ақ ПК мазмұнының, сондай-ақ оның мониторингі мен кәсіптік бірлестіктердің тәртіптік жазалар салу стандарттарын белгілеуде. Сонымен қатар, кәсіптік бірлестіктер ПК насихаттауға және біліктілікті көтеруге ықпалдасуға тиіс. Демек АП да, ППБА да Палаталардың мүшелері біліктілікті көтеруге қатысты өздерінің міндеттемелерін орындай алуы үшін, ПК тиісті курстары мен оқу материалдарының жеткілікті саны болуына шаралар қабылдауға тиіс. Сонымен қатар, олар өз мүшелерінің осы міндеттемелерді шын мәнінде орындауын аңду үшін мониторинг рәсімдерін енгізуге тиіс.

46. **МСО 8 аудитордың біліктілігін кәсіпқой бухгалтердің келесі біліктілік сатысы ретінде қарастырады; осы стандарттың білімге және құзыреттілікке қатысты қосымша талаптары Қазақстанда әзірге ескерілмеген.** Қазіргі кезеңде Қазақстанда бухгалтердің біліктілігі мен аудитордың біліктілігінің арасында айырмашылықтар жоқ, ал бухгалтердің біліктілігін алуға емтихандар ретінде құрылған САР/СІРА біліктіліктерін алуға емтихандар МСО 8 талаптарына жауап бермейді. Атап айтқанда, МСО 8 көрсетілгендей, кәсіпқой аудиторлар қаржылық есеп-қисап аудиты саласында «анағұрлым терен» білімге ие болуға тиіс. Демек, КК кәсіпқой аудиторларды куәландыру үшін (кәсіпқой бухгалтерден бөлек) сондай анағұрлым терең білімдерді қалай бағалау керектігі туралы мәселені қарастыруға тиіс.

47. **Жоғарыда аталған аспектілерге қарамастан, РОСК дайындаған топ алған ақпарат Қазақстанда бәлкім, бүкіл аймақтағы ең қатал біліктілік рәсімдері бар екенін көрсетеді.** АП Кәсіпқой бухгалтерлер мен аудиторлар институтының құрылтайшыларының бірі ретінде (ол осы кәсіптердің болашақ өкілдерін оқытумен және дайындаумен шұғылданады) бүкіл елдің аумағында кәсіби білімнің сапасын арттыру және көлемдерін кеңейту үшін белсенді шаралар қабылдайды. Қазіргі сәтке қарай, Институт Аудиторлар палатасы мен Еуразиялық сертификатталған бухгалтерлер мен аудиторлар кеңесі толық құптаған бағдарлама бойынша 4 500 студентті дайындады.

D. Бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарын белгілеу

48. **«Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап туралы» Заң ірі кәсіпкерлік субъектілері мен көпшіліктік мүдделі ұйымдардың өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарына сәйкес жасауын талап етеді.** Басқа ұйымдар (мемлекеттік мекемелерден басқа) қаржылық есеп-қисап жасауды ұлттық қаржылық есеп-қисап стандарттарына сәйкес жүзеге асырады. Бұл Қазақстанда қолданыстағы бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарының бір бөлігін Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі кеңес

(СХҚЕС) белгілейді деп көздейді. Заңда бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап жүйесін реттеу ұлттық қаржылық есеп-қисап стандарттарын әзірлеуге және бекітуге тиіс Қаржы министрлігінің прерогативасы болып табылатыны көрсетілген.

49. **Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі (НБК)** Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарымен реттелмеген және оларға қайшы келмейтін мәселелер бойынша бухгалтерлік есеп стандарттарына әдістемелік ұсыныстамалар әзірлеуге және бекітуге тиіс. Нормативтік талаптар мен ХҚЕС арасындағы қалдықтық қақтығыстың әлуеттегі тәуекелдігі бар. Ондай қақтығыс ХҚЕС қолданылатын елдерде кең тараған құбылыс болып табылады және оны ескеріп отыру қажет.

50. **«Аудиторлық қызмет туралы» Заңға сәйкес, «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға соңғы түзетулер қабылданғанға дейін аудит стандарттарын бекітуге уәкілетті орган Қаржы министрлігі болып келді.** Тарихи тұрғыдан аудит стандарттарын бекіту екі сатылы процесс болды, алдымен аудит стандарттары Республикалық аудиторлар палатасының конференциясында (жиналысында) қабылданды, ал содан кейін Қаржы министрлігі оларды бекітіп отырды. АП ХАС негізінде алты Қазақстандық аудит стандартын (КСА) 1998 жылы, енді алтауын 1999 жылы қабылдады және 2000 жылы 35 КСА қайта қарады. Алайда Қаржы министрлігі ол стандарттардың тек он бірін бекітті, соның нәтижесінде қазіргі аудит режимінде көптеген ХАС жоқ. Соның салдарынан аудиторлар көбінесе қандай стандарттарды: тек Қаржы министрлігі бекіткен стандарттарды, АП қабылдаған стандарттардың бүкіл жинағын немесе қолданыстағы ХАС қолдану керектігін түсіне алмайды. 2006 жылдың мамырында күшінге кірген жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң аудит ХАС сәйкес жүргізілгенін талап етеді. Алайда жергілікті аудиторлардың басым бөлігіне ХАС таныстырылмағанының және сол себепті осы заңды тиісті қолдануда қиыншылықтарға тап болуының айтарлықтай тәуекелдігі бар. Аудиторлар палатасы 2000 жылдың мамырынан бері Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (IFAC) толық құқылы мүшесі болып табылады аудиторлар. Министрлік Палатамен 2006 жылғы 17-ші сәуірдегі № 174 мемлекеттік сатып алымдар туралы келісімшарттың негізінде республикалық бюджеттің есебінен халықаралық аудит стандарттарының (ХАС) орыс және қазақ тілдеріне аудармасын жүзеге асырды.

Е. Бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету

51. **2004 жылғы 1-ші қаңтардан бастап банктерді, сақтандыру компанияларын, қор нарығын және зейнетақы қорларын қадағалау және реттеу функциялары Қазақстан Республикасының қаржы нарықтары мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігіне (АФН) көшті.** АФН мәлімденген мақсаты қаржылық қызметтерді тұтынушыларды анағұрлым толық қорғауды және ішкі қаржы нарығында тұрақтылықты сақтауды қамтамасыз ететін тәуелсіз және тиімді қаржылық қадағалау құру мақсатында қаржылық секторды одан әріде дамыту және жетілдіру болып табылады.

52. **Егер НБК нормативтік кесімдер мен қосалқы әдістемелік ұсыныстамалар қабылдап, банктердің бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап жүйесін реттесе, АФН банктердің бухгалтерлік есеп, қаржылық есеп-қисап және аудит талаптарын сақтауы үшін жауап береді.** Бақылау функциясын АФН Банктік қадағалау департаменті атқарады. Департаментте 33 қызметкер, соның ішінде камералдық тексерістермен шұғылданатын 13 адам және тексерістерді жергілікті орындарда жүзеге асыратын 20 адам жұмыс істейді. Банктер сан алуан пруденциалдық есептемелер, соның ішінде күнделікті, апталық, айлық, тоқсандық және жылдық есептемелер тапсырып отыруға тиіс. Олардың ішінде негізгілері тоқсандық баланс және табыстар мен шығасылар туралы есептеме болып табылады. Банктерден келіп түсетін есептемелердің дәлдігі жергілікті орындардағы тексерістердің барысында тексеріледі.

53. **Заңнамамен көзделген міндетті аудитқа қосымша, АФН банктердің есептік құжаттарын, есептемелерін, бастапқы құжаттары мен олардың қызметі жайында басқа ақпаратты Агенттіктің өзі таңдаған аудиторлық фирманың тексеруін талап ете алады.** Егер АФН

аудиторлық қорытындының көшірмесін талап етсе, банктің аудиторы оны тікелей Агенттікке жолдауға тиіс. Сонымен қатар, аудиторлар Қазақстан Республикасының заңнамасын кез келген бұзушылықтар туралы АФН атына тікелей баяндап отыруға тиіс.

54. **Практикада АФН инспекторлары әдетте өз тексерістерінің барысында аудиторлар растаған қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланбайды.** Банктерді тексерушілер үшін тәуелсіз аудиторлардың жұмысының нәтижелерін пайдалану дәстүрге айналмаған. Оның орнына инспекторлар пруденциалдық есептемелерді зерделейді және өздері тергеу жүргізеді. АФН белгілеген пруденциалдық нормалар әдетте тәуекелдік мәселелеріне қатысты болғандықтан, камералдық тексерістер уақытында да, жергілікті орындардағы тексерістердің барысында да инспекторлар ең алдымен ол талаптардың қалай сақталатынын тексереді. Көптеген банктердің 2004 жылдағы аудиторлар растаған қаржылық есеп-қисаптарын инспекторлар бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап талаптарына сәйкестік тұрғысынан тексермеген.

55. **Банктерге есеп-қисап талаптарын сақтамағаны үшін қолданылатын санкциялардың «Банктер және банк қызметі туралы» Заңда және Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексінде белгіленгеніне қарамастан, РОСК дайындаған топ, бұзушылықтар көп болса да, осы санкциялар қолданылған бір де бір жағдайды таба алмады.** «Банктер және банк қызметі туралы» Заңға сәйкес, егер банк уәкілетті органға есептемелерін тапсырмаса немесе көрінеу жалған есептемелер мен деректер берсе, ондай банктің лицензиясы тоқтатыла немесе күші жойыла алады. Есептік құжаттар мен қаржылық есеп-қисапқа қатысты нормативтік кесімдер сақталмаған жағдайда, Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексі ұйымнан да, нақты лауазымды тұлғалардан да ақшалай айыппұл өндіруді көздейді. Сонымен қатар, Кодекс сондай-ақ банк аудиторларына қасақан жалған немесе бұрыс мәліметтер беретіндерге, сондай-ақ «бұрыс тұжырым» жасайтын банк аудиторларына азаматтық-құқықтық санкциялар қолдануды көздейді. Банктердің жекелеген лауазымды тұлғалары мен ресми аудиторларына қарсы санкциялар сондай-ақ Қылмыстық кодексте белгіленген.

56. **АФН Сақтандыруды қадағалау департаменті сақтандыру компанияларының бухгалтерлік есеп, есеп-қисап және аудит талаптарын сақтауы үшін жауап береді.** Департаментте 34 қызметкер, соның ішінде жергілікті орындарда тексерістер жүргізетін 14 адам жұмыс істейді. Олар сондай-ақ камералдық тексерістер жүргізу үшін әртүрлі мәселелер бойынша 28 есептемені тұрақты алып отырады. Департамент қаржылық есеп-қисаптардың мерзімдеріне, толықтығына және сенімділігіне (сапасына) қатысты талаптардың орындалуын қамтамасыз етеді және бухгалтерлік есеп және аудит ережелері сақталмаған жағдайда, әсер ету шараларын және санкциялар қолданады.

57. **Әкімшілік құқық бұзушылықтар кодексі сақтандыру және қайта сақтандыру компаниялары үшін есептік құжаттамаға және қаржылық есеп-қисапқа қатысты нормативтерді сақтамағаны үшін ақшалай айыппұлдар белгілейді.** Ондай санкциялар сақтандыру компанияларының жекелеген лауазымды тұлғаларына да, жалпы заңды тұлғаларға да қолданыла алады. Банк секторында секілді, Кодекс сондай-ақ «бұрыс тұжырымға» келген аудиторға және аудиторға бұрыс мәліметтер берген лауазымды тұлғаларға азаматтық-құқықтық санкциялар қолдануды көздейді. «Сақтандыру қызметі туралы» Заң АФН жүргізілген тексерістердің барысында анықталған кемістіктерді жою мақсатында түзету шараларын қабылдау туралы сақтандыру компаниялары үшін міндетті ұйғарымдар шығаруға құқық береді. Сайып келгенде, АФН сақтандыру қызметі субъектісінің лицензияның әрекетін тоқтатуға немесе қайтып алуға құқығы бар. Өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру барысында, АФН сақтандыру компаниялары үшін сенімсіз есептемелер беруге қатысты бірқатар ұйғарымдар шығарды.

58. **АФН да, КАФБ да листингілік компанияларда ХҚЕС немесе КСБУ орындалуына мониторинг және қамтамасыз етуді өздерінің басым бағыттары ретінде айқындамады.** АФН үшін басымдықты бағыт жалпы мақсаттағы қаржылық есеп-қисап жасаған кезде қолданылатын бухгалтерлік стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету емес, пруденциалдық реттеу және

қадағалау екені айдан анық. Жоғарыда 17-ші тармақта аталғандай, КАФБ листингілік компаниялардан алған ақпараты бухгалтерлік есеп стандарттарын сақтау тұрғысынан не өте шала, не мүлдем тексермей, өзінің сайтында орналастырады.

59. **ХҚЕС (немесе КСБУ) орындалуын анағұрлым тиімді қамтамасыз ету мақсатында, АФН халықаралық практикада мойындалған бухгалтерлік есеп стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету принциптерін қабылдауға тиіс.** Осы баяндамада АФН үшін ықтимал бағдар ретінде Еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер комитеті шығарған № 1 Стандарт ұсынылады («Еуропада қаржылық ақпарат бойынша стандарттардың орындалуын қамтамасыз ету»¹¹). № 1 Стандарт еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер инвесторларды қорғау, қаржылық нарықтардың сенімділігі мен көлегейсіздігін қамтамасыз ету мақсаттарына жету үшін қажетті деп санайтын стандарттардың орындалуын қамтамасыз етудің 21 негізқалаушы принципін белгілейді.¹²

60. **Атқарылған қыруар жұмысқа қарамастан, бақылау көлемі және қарқыны ХҚЕС принциптерінің негізіндегі стандарттардың орындалуына анағұрлым қатал талаптарды қанағаттандыруға қабілетті жүйені қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін қосымша күш салу қажет.** Қазақстанда бақылау механизмдерін енгізу бойынша жүзеге асырылып жатқан жұмысты КЕРЦБ № 1 Стандартының принциптерімен салыстыру төмендегілерді атап өтуге мүмкіндік береді:

- АФН құру қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің тәуелсіз және тиімді жүйесін құруға бағытталған саясаттың бір бөлігі болып табылады. Қаржы нарығының бүгінгі көлемін ескергенде, АФН жеткілікті жалпы қаржыландыру көлеміне ие және Агенттікке өзіне жүктелген функцияларды атқару үшін қажетті ақпаратты алуға өкілеттіктері бар. Алайда оған ХҚЕС таныс білікті қызметкерлер жетіспейді, бұл ХҚЕС орындалуын қамтамасыз ету секілді нақты міндетті орындауды өте қиындатады.
- Бағалы қағаздар шығаруға рұқсат алуға ниетті ұйымдардан келіп түсетін қаржылық ақпараттың барынша мұқият тексерілітінін нақты куәландыратын фактілер бар. Алайда эмитенттер нарыққа шыққаннан кейін, олар тапсыратын ақпарат сондай мұқият тексерілмейді.
- Бәлкім, ХҚЕС таныс білікті қызметкерлердің жетіспеушіліген байланысты болар, листингілік компаниялардың жарияланатын қаржылық есеп-қисаптары ХҚЕС сәйкестікке мүлдем дерлік тексерілмейді; оның орнына құжаттарды белгіленген мерзімнен кеш тапсыру секілді әкімшілік мәселелерге көп көңіл бөлінеді. Соның нәтижесінде инвесторлар өздерінің құқығы бар бүкіл ақпаратты алмайтын, ал АФН жағдайды орнықтыру үшін ешқандай шаралар қабылдамайтын жағдаят қалыптасты, бұл осы баяндаманың III Бөлімінде көрсетілген.
- Листингілік компаниялардың қаржылық есеп-қисап тапсыруына қатысты нормативтік құжаттарды сақтау туралы ақпарат (жоғарыда 17-ші тармақтағы 2-ші суретті қараңыз) қазіргі кезеңде шектен тыс көп бұзушылықтар санының орын алып отырғанын көрсетеді. Бақылаушы инстанцияның негізгі функциясы бүкіл қажетті ақпараттың мағынасы жағынан дұрыс және нарық үшін қол жетерлік болуына шаралар қабылдау болуға тиіс, бұл қор нарығының тиімділігін арттыруға жәрдемдесетін болады. АФН ең алдымен нарық өзі алуға құқығы бар ақпаратты алуы үшін түзету шараларын қабылдауға көңіл бөлуге тиіс.
- АФН барлық листингілік компаниялардың нормативтерді сақтауын қамтамасыз ету үшін, қаржылық ақпаратты зерделеу жүйесін құруға тиіс. Осыны ескергенде, компаниялардың құжаттарын тіпті ешқандай бұзушылық нышандары жоқ болған жағдайда да, әбден қалыпты практика болар еді. Алайда, қазір АФН ХҚЕС таныс білікті қызметкерлердің

¹¹ КЕРЦБ 2001 жылғы 6-шы маусымда Еуропалық комиссияның шешімінің негізінде құрылды. Жалпы алғанда, КЕРЦБ рөлі бағалы қағаздарды реттеушілердің әрекеттерін анағұрлым тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету, Еуропалық комиссияға кеңестер беру және Одаққа мүше мемлекеттерде ЕО заңнамасының дер кезінде күнделікті орындалуын қамтамасыз ету болып табылады.

¹² Бұл принциптердің әрқайсысының анағұрлым толық сипаттамасы осы баяндамаға I Қосымшада берілген.

жетіспеушіліген байланысты, Агенттік нормативтерді сақтамау тәуекелдігі ерекше жоғары компанияларға назарын шүйліктіретін тәсілдеме жарамды секілді көрінеді. Алғашқы қадам ретінде ашық қатынаудағы ақпарат пен ХҚЕС арасындағы елеулі алшақтықтарды жою үшін, ескерімдерге ие аудиторлық қорытындылар бар барлық компанияларды тексерген дұрыс болар еді.

61. Аудит стандарттарының орындалуын қамтамасыз ету үшін белсенді шаралар сирек қабылданатын секілді әсер қалады, өйткені, осы баяндаманың II Бөлімінде аталғандай, АП шын мәнінде кәсіпқой аудиторлардың қызметін қадағалау органы болып табылмайды. Заңнамамен белгіленген міндетті аудиттарды бақылауды және өз тексерістерін жүргізуді жүзеге асыруға уәкілетті нақты қадағалау органының немесе органдарының болуын қамтамасыз ету қажет. Қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланушылар олардың құрамындағы ақпаратты маңызды және сенімді, демек, экономикалық шешімдер қабылдау үшін пайдалы деп санауы үшін, қаржылық есеп-қисаптардың тиісті аудиты қажет. Аудит – бухгалтерлік есеп стандарттарының орындалуын қамтамасыз етудің маңызды компоненті және егер ол тиімсіз болса, онда бұл бәрінен бұрын, стандарттарды көптеген бұзушылықтарға (әсіресе, реттелмейтін ұйымдардың тарапынан) әкеліп соғуы мүмкін. Осы баяндаманың III Бөлімінде егжей-тегжейлі сипатталған стандарттарды сақтаудағы олқылықтарды талдау осыны растайды.

III. БУХГАЛТЕРЛІК ЕСЕП ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАП СТАНДАРТТАРЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА

62. Осы бөлімнің мақсаты бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарындағы олқылықтарды және сол стандарттарды сақтаудағы олқылықтарды талдау болып табылады. Стандарттардағы олқылықтарды талдаудың негізі КСБУ сәйкес жасалатын қаржылық есеп-қисаптардың сенімділігіне теріс ықпалын тигізуі мүмкін елеулі айырмашылықтарды анықтау мақсатында, Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттары (КСБУ) мен ХҚЕС салғастыру болып табылады (төменнен 63-ші тармақты қараңыз). Стандарттарды сақтаудағы олқылықтарды талдау процессінде негізінен Қазақстанда бухгалтерлік стандарттардың орындалуына мониторинг және қамтамасыз ету жүйесіндегі кез келген кемістіктерді анықтау мақсатында, міндетті және ерікті-келісімшарттық (мысалы, несиегер талап еткен) қаржылық есеп-қисаптардың тиісінше КСБУ және ХҚЕС талаптарына қандай дәрежеде жауап беретініне назар аударылады (төменнен 64-ші тармақты қараңыз).

63. ХҚЕС және КСБУ жалпы алғанда бір біріне сәйкеседі деген жаппай сенімге қарамастан, олардың арасындағы алшақтықтар едәуір елеулі. КСБУ және ХҚЕС значительно отличаются друг от друга в том, что касается применяемой учетной политики и раскрытия информации. Это свидетельствует о том, что различия между КСБУ және ХҚЕС больше, чем утверждается. В последующих пунктах освещаются наиболее существенные различия между КСБУ және ХҚЕС и их возможные воздействия на финансовые отчеты *организаций публичного интереса*:

- **КСБУ және ХҚЕС негізгі қаражаттардың (ОС) баланстық құнына қатысты бір бірінен айтарлықтай өзгешеленеді.** Қазақстанда КСРО ыдырағаннан (1991 жыл) кейін бірнеше жыл бойы гиперинфляция болғанына қарамастан, КСБУ құрамында ХҚЕС «Гиперинфляция жағдайындағы қаржылық есеп-қисапы» 29-шы талабына ұқсас ақшалай емес активтер мен пассивтердің құнын түзету талабы жоқ. Компаниялар ОС қайта бағалауды Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген «негізгі қорлардың құнын ұлғайту коэффициентін» пайдаланып жүргізеді. Ондай тәсілдеме түрлі ұйымдар мен негізгі қорлар үшін әртүрлі нақты салдарға ие болса да (мысалы, қорларды сатып алу күніне байланысты), КСБУ бойынша ОС баланстық құны ХҚЕС салыстырғанда, әсіресе, ірі өндірістік компанияларда, әдетте жоғары болады. Бұл проблеманы құнсыздандыруға сынаманың жоқтығы қиындатады, ол туралы сөз төменде болады.

- **Активтерді (ОС) құнсыздандыруды мойындауға мүмкіндіктің жоқтығы.** КСБУ құрамында ХҚЕС «Активтерді құнсыздандыру» 36-шы талабының аналогы жоқ, бұл ОС құнын жоғарылатуға әкеліп соғуы мүмкін. Бүгін экономиканың өркендеу жағдайында, ХҚЕС 36-шы талабының қағидаларының көптеген секторлар үшін маңызы үлкен болмауы мүмкін. Алайда, активтерді пайдалану тиімділігі жеткілікті болмаған немесе КСРО ыдырағаннан бері мүлдем пайдаланылмаған кәсіпорындар үшін ХҚЕС 36-шы талабының қағидалары әбден орынды болуы ықтимал. Сонымен қатар, экономикалық климат өзгерген жағдайда, ол қағидалар әсіресе ірі өндірістік компаниялар мен жер телімдеріне құрылыс салушылар үшін өте елеулі маңызға ие бола алады.
- **Қаржылық құралдарды мойындау және бағалау.** Қазақстанда ХҚЕС «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалау» 39-шы талабының аналогы жоқ.¹³ Қаржылық құралдар немесе әділ құн бойынша бағалау ұғымдары КСБУ құрамында жоқ. Инвестицияларды олардың бір жылдың ішінде жүзеге асырылғанына немесе бір жылдың шеңберінен шығатынына қарай бағалауға талап ХҚЕС 39-шы талабымен салыстырғанда, инвестициялардың құнын бұрмалауға әкеліп соғуы мүмкін. Сонымен қатар, қарыздарға өсімдер есептеу тек банк мекемелерінің ісі болғандықтан, басқа ұйымдарда алынған барлық қарыздар (мысалы, кәсіпорындардың арасындағы несиелер) өсімсіз болып табылады. Ондай қарыздар қарызгер мен несиегердің қаржылық есеп-қисаптарында өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Ондай қарыздарды олардың тарихи құны бойынша есепке алу да сондай-ақ қарызгердің қаржылық пассивтерін төмендетуге және несиегердің қаржылық активтерін жоғарылатуға әкеліп соғуы мүмкін. Қазақстанда мұндай практика жаппай сипатта болғандықтан, КСБУ 8 сәйкес қабылданған бағалау принципі қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланушыларды адастыруы мүмкін және несиегердің тарапынан бақылауға қатысты едәуір қауіп туғызады. Сонымен қатар, КСБУ сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисапты тексеру есептеме жасаушылардың бірнеше жағдайда РОСК мақсатында кешенді сараптама жүргізу барысында алынған ақпарат іс жүзінде ондай қарыздардың мүдделілік орын алған мәмілелер болғанына қарамастан, сондай өсімсіз қарыздар туралы ақпаратты ашпайтынын көрсетті (төменнен 70-ші тармақты қараңыз).
- **Жұмыскерлерге сыйақыларға резервтерді төмендетуге мүмкіндік.** КСБУ арасында ХҚЕС «Жұмыскерлерге сыйақы» 19-шы стандартына ұқсас стандарт жоқ. Қазақстандық компаниялардың көпшілігінде белгіленген төлемді зейнетақылық бағдарламалар болмағанымен, көптеген ірі МК және басқа кейбір *көпшіліктік мүдделі ұйымдарда* ондай бағдарламалар бар және (немесе) жұмыскерлер зейнетке шыққанда өзге бір дүркін төлемдерді жүзеге асырады немесе өздерінің жұмыскерлеріне басқа ұзақ мерзімді сыйақылар төлейді. Егер ондай аударымдар есепке алынбаса, бұл *көпшіліктік мүдделі ұйымдардың* қаржылық есеп-қисабында пассивтерді және шығасыларды төмендетуге алып келеді. МК жағдайында бұл іс жүзінде мемлекеттің үлкен есепке алынбаған зейнетақылық міндеттемелер алуы мүмкін екенін білдіреді.
- **Құқықтық немесе шартты міндеттемелер орындауға қамтамасыздыққа резервтерді төмендетуге мүмкіндік.** Қазақстанда ХҚЕС «Резервтер, шартты міндеттемелер мен шартты активтер» 37-ші талабының аналогы жоқ, бірақ шартты міндеттемелер мен шартты активтер КСБУ «Есептік кезең күнінен кейін орын алатын күтпеген мән-жайлар мен оқиғалар» 27-ші стандартында қысқаша аталады. Резервтер мен ілеспе шығасыларды ХҚЕС 37 сәйкес көрсетуге қатысты айқын талаптардың жоқтығы өнімге кепілдіктерге, әділетсіз өзара шарттарға, қайта құрылымдауға және айыппұлдарға байланысты резервтер мен шығасыларды немесе қоршаған ортаға нұқсан келген жағдайда, аумақты тазартуға шығасыларды немесе кейбір негізгі қаражаттар түрлерін іске пайдаланудан шығаруға шығасыларды төмендетуге әкеліп соғады.

¹³ КСБУ 8 «Қаржылық құралдарды есепке алу» негізіне ХҚЕС 25 «Инвестицияларды есепке алу» алынған, ол 2001 жылы күшіне кірген ХҚЕС 39 алмастырылды.

- **Салықтық міндеттемелерді төмендетуге немесе жоғарылатуға мүмкіндік.** Мерзімі шегерілген салықты есепке алуға қатысты КСБУ 11 «Табысқа салынатын салықтың» негізіне ХҚЕС 12 «Пайдаға салықтардың» бастапқы нұсқасы алынған, ал сол ХҚЕС үшін одан соңғы түзетулер онда ескерілмейді. Бастапқы және қайта қаралған ХҚЕС 12 нұсқаларында кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелерді/активтерді айқындауға әртүрлі тәсілдемелер (табыстар мен шығыстар туралы есептемеге сүйенетін тәсілдеме және балансқа сүйенетін тәсілдеме) қолданылады, соның нәтижесінде компанияның қаржылық есеп-қисабында кейінге қалдырылған салықтар бойынша бөлек позициялар болуы мүмкін. Атап айтқанда, ХҚЕС 12 бастапқы нұсқасына сәйкес, ұйым активтерін қайта бағалаған кезде кейінге қалдырылған салықтық міндеттемені мойындауға міндетті емес, ал ХҚЕС 12 қайта қаралған нұсқасы сондай міндеттемені мойындауды белгілейді. ХҚЕС 12 бастапқы нұсқасына негізделген ұлттық бухгалтерлік есеп ережелері сақталған жағдайда, кейінге қалдырылған салықтық міндеттеме өзінің активтерін қайта бағалауды жүргізген *көпшіліктік мүдделі ұйымның* қаржылық есеп-қисабында елеулі төмендетіле алады.
- **КСБУ құрамында ХҚЕС 41 «Ауыл шаруашылығы» қағидасына ұқсас бір де бір қағида жоқ.** Ауыл шаруашылық кәсіпорындары тарихи құн бойынша операциядан соң есепке алу принципін қолданады, демек, өнім сатылғанға дейін табысты есеп-қисапқа кіргізбейді. Бухгалтерлік кітаптар Қаржы министрлігі әзірлеген Типті бухгалтерлік есеп шоттарының жоспарына және Әдістемелік ұсыныстамаларға сәйкес жүргізіледі, ал ауыл шаруашылығы қызметіне байланысты көтерілген шығындар алдымен «уақытша өндіріс шотына» жатқызылады, ал содан кейін егін жинау кезеңінде «дайын өнімнің тауарлық-материалдық құндылықтары» шотына және ауыстырылады. Практикада биологиялық активтердің әрбір тобына бұрынғы КСРО нормативтеріне негізделген шығындарды жатқызудың арнайы принциптері қолданылады. Мысалы, сүтті малдың құны есептік кезеңнің ішінде жұмсалған жалпы шығындар бойынша айқындалады және сауын мал мен төлдің арасында әдеттегі шығындарды бөлу практикасына сәйкес бөлінеді: 90% - сауын мал, 10% - төл. Осы секторда шамамен халықтың үштен бір бөлігі қамтылғандықтан, маңызды және сенімді бағалау принциптерінің болмауы ресурстарды бөлуде бұрмалауға әкеліп соғуы мүмкін, өйткені, формула негізінде есепке алудың қазіргі практикасы сектордың қаржылық жағдайы мен жұмысының қаржылық көрсеткіштері туралы шүбәсіз және объективті көрініс бермейді.

64. **РОСК дайындаған топ бухгалтерлік есеп ережелерін сақтаудағы олқылықтарға талдау жүргізді, ол кәсіпорындардың көпшілігінің қаржылық есеп-қисаптарының сапасы практикада заңнамалық негіздерде көрініс тапқан есеп-қисап талаптарынан туындайтын стандарттан көп артта қалғанын көрсетеді.** РОСК дайындау шеңберінде төмендегідей іріктелімнің базасында стандарттарды *сақтаудағы олқылықтарды* бағалау жүргізілді:

- **ХҚЕС сәйкес жасалуға тиіс қаржылық есеп-қисаптардың аудиторлар растаған 11 жиынтықталымы.** РОСК дайындаған топ іріктеменің құрамына кәсіпорындар секторын білдіретін алты компания мен бес банкті қосты.¹⁴ Аталған бағалаудың нәтижелері төменде 67-ші және 70-ші тармақтарда сипатталған.
- **КСБУ сәйкес жасалуға тиіс қаржылық есеп-қисаптардың аудиторлар растаған 14 жиынтықталымы және аудиторлар растамаған төрт жиынтықталымы.** РОСК дайындаған топ іріктеменің құрамына кәсіпорындар секторын білдіретін 16 компанияны

¹⁴ Аудиторы халықаралық аудиторлық желінің мүшесі болып табылатын британдық фирма болған қаржылық есеп-қисаптардың бір жиынтықталымын қоспағанда, осы іріктеменің барлық қаржылық есептемелерін халықаралық аудиторлық желілердің құрамына кіретін жергілікті фирмалар тексерді. Он аудиторлық қорытынды ескерімдерсіз (біреуінде түсінік беруші параграф бар), ал біреуі ескерімдермен болды.

(листингілік және листингілік емес) және екі сақтандыру компаниясын қосты.¹⁵ Аталған бағалаудың нәтижелері төменде 69-шы тармақта сипатталған.

65. **ХҚЕС сәйкес топтастырылған қаржылық есеп-қисаптың құрамында нақты компанияның оқиғалары мен мән-жайларын шақтап бейнелей алмайтын стандартты тұжырымдамалардың көп саны болатыны сирек емес.** Стандартты тұжырымдамалар әдетте аудиторлық фирмалар тапсыратын типті қаржылық есеп-қисаптардан алынады. Кейбір жағдайларда, стандартты тұжырымдамалар нақты компанияларға қатысы жоқ оқиғалар мен операцияларды есепке алу принциптерін қозғайды. Кейбіреулер стандартты тұжырымдамаларды пайдалану компаниялардың бухгалтерлерінің ХҚЕС бойынша Халықаралық қаржылық есеп-қисап және қаржылық есептеме стандарттарын жеткіліксіз білуін және түсінуін көрсетеді деп санайды. Аудиторлық фирмалар өздерінің қаржылық есеп-қисапты «дайындамайтындарын» және тек өздерінің кәсіби этикасы мүмкіндік берген шектерде қаржылық есеп-қисаптарды жасауға көмектесетінін айтады. Стандартты тұжырымдамалар сондай-ақ қаржылық есеп-қисаптардың сыртан пайдаланушылар үшін маңызын төмендетеді.

66. **Егер кассалық және солар іспеттес операциялардың бухгалтерлік есебі жоғары сапасымен өзгешеленсе, есептелімдер әдісі бойынша толық есеп және ақпаратты ашу компаниялар үшін үлкен проблема болып табылады.** Бұрын мемлекеттік бақылау жағдайларында қолданылған тәртіптік жазалардың арқасында, компаниялар кассалық және солар іспеттес операцияларды әбден орындай алады. Әзірге фактура-шоттардың немесе бастапқы жазбалардың мәні (мысалы, резервтерді, активтер мен кейінге қалдырылған салықтарды құнсыздандыруды мойындау) болып табылмайтын активтер мен пассивтерді мойындауды көздейтін есептелімдер әдістемесі бойынша есеппен жағдай оған қарағанда нашар. Сонымен қатар, кәсіпорындар топтың ішіндегі операцияларды айқындауда қиындықтар көреді, себебі бұрын негізгі көңіл заңды тұлғалардың қаржылық есеп-қисаптарына аударылғанының нәтижесінде, не болмаса топтар секілді құрылымдардың болмауының нәтижесінде оларды айқындау қажет болмайтын. Ондай қиыншылықтар компаниялар өздерінің әдеттегі жұмыс режимінің шеңберінен шығатын шаруашылық операцияларды жүргізетін уақытта өршиді. Сонымен қатар, компаниялар мүдделі тұлғалармен мәмілелер, сондай-ақ ХҚЕС ашуды талап ететін басқа көптеген оқиғалар туралы ақпаратты ашу үшін қажетті мәліметтерді көп қиындықпен немесе ығылассыз айқындайды.

67. **Қазақстанда негізгі активтерді бағалау саласында халықаралық мойындалған біліктілікке ие мамандар жетіспейді, бұл жекешелендіру, компанияларды біріктіру ді жүргізу кезінде және басқа ақшалай емес операцияларды жүзеге асырған кезде қолданылған бағалардың сенімділігіне шүбәлануға мәжбүрлейді.** Белгілі болғандай, Қазақстанда халықаралық мойындалған біліктілікке ие сарапшылар жұмыс істейтін тек екі бағалаушы фирма бар. Көптеген жергілікті бағалаушылардың ондай біліктілігі жоқ және олар әртүрлі бағалау базаларын пайдаланады, соның нәтижесінде кейбір аудиторлық фирмалар олардың бағалауына сүйенгісі келмейді. Бұл компаниялардың бірінде ХҚЕС бойынша қаржылық есеп-қисапты тексеру нәтижелері бойынша аудиторлық қорытындыны ескерімдермен жасауға себеп болды. Ол 2006 жылдан бастап ХҚЕС одан әріде қолдануда едәуір қиындықтар туғызуы мүмкін, себебі ХҚЕС кейбір операциялар үшін сенімді бағалау жүргізуді талап етеді. Ол сондай-ақ ОС баланстық құнын ХҚЕС бойынша айқындай алмайтын компаниялар үшін КСБУ ХҚЕС көшуді қиындатуы мүмкін.

68. **Іріктімеге енгізілген кәсіпорындар секторының ұйымдары мен банктердің ХҚЕС сәйкес дайындалған топтастырылған қаржылық есептемелерінің көпшілігі шын мәнінде ХҚЕС талаптарына сәйкес болса да, бағалау ол қаржылық есеп-қисапқа елеулі ықпал етуі мүмкін**

¹⁵ Іріктеменің қаржылық есеп-қисаптарының бес жиынтықталымын халықаралық аудиторлық желілердің құрамына кіретін жергілікті фирмалар, ал тоғыз жиынтықталымды – жергілікті аудиторлық фирмалар тексерді. Он аудиторлық қорытынды ескерімдерсіз, ал төртеуі – ескерімдермен жасалды. Сонымен қатар, 10 аудиторлық тексеріс Қазақстандық аудит стандарттарына, ал төртеуі – ХАС сәйкес жүргізілді.

стандарттардың сақталмауы ықтимал бірнеше бағытты анықтауға көмектесті. Бағалау нәтижелері көрсеткендей, есептеме жасаушылар мен аудиторлар тәрізі, ХҚЕС мазмұны бойынша емес, нысаны бойынша сақтайтын бірқатар бағыттар бар. Оларға төмендегілер жатады:

- **Кейбір қаржылық активтер мен қаржылық пассивтердің әділ құнын айқындау.** Кейбір банктердің қаржылық есептемелерінде аталғандай, «барлық қаржылық активтер мен қаржылық пассивтердің әділ құнын Қазақстан нарығында өтелімдіктің жеткіліксіздігінің салдарынан айқындау мүмкін емес». Сондықтан ондай банктер «саудалық және инвестициялық бағалы қағаздардың әділ құнының олардың баланстық құнынан елеулі айырмашылығы жоқтығы» туралы тұжырымға келді. Осы мәселелерді басшылықпен талқылағанда, РОСК дайындаған топ банктердің басшылары мен аудиторларында ондай тұжырымдаманы қолдайтын ешқандай дәлелдердің мүлдем дердік жоқтығын атады, бұл сондай активтер мен пассивтердің баланстық құны жөнінде қауіп туғызады.
- **Қаржылық активтерді құнсыздандыру.** ХҚЕС 39 «Қаржылық құралдар: мойындау және бағалауды» қолдану банк қызметін реттеушінің талаптарына байланысты болуы мүмкін. Қаржылық есеп-қисаптарға ескерімдерде «... резервті қарыздар бойынша ықтимал залаларға бағалау мақсатында, қарыз берешегінің өтелетін сомасы күтістегі болашақ ақша қаражаттары ағындарының ағымдағы құнына орай бағаланады» деп әбден орынды аталғанымен, банктердің басшылығы көбіне өздерінің қаржылық есептемелеріне ескерімдерде баяндалған бағалау принциптері туралы білмеген. Сонымен қатар, кейбір қаржылық есептемелерде «қарыз берешегі берешектің өсімдерін немесе негізгі сомасын төлеуді кешіктіру барлық сомалар толық құнсыздандырылған жағдайларды қоспағанда, 30 күннен асқан уақытта үмітсіз берешектердің санатына аударылатыны» көрсетілген, бұл дисконтталған ақша қаражаттары ағынын бағалау принципіне қайшы келуі мүмкін (ХҚЕС 39 қолдану жөнінде нұсқаулықтың (ҚН) 93-ші параграфын қараңыз). Есептік саясат және басшылықпен талқылаудың нәтижелері ХҚЕС 39-шы стандартымен көзделген тиімді өсім мөлшерлемесі әдісін қолдану туралы мәселені көтереді.
- **Компания бақылау пакетін иеленбейтін және оның еншілес компаниялары, оның қатысы бар бірлескен кәсіпорындары немесе оның қауымдастырылған кәсіпорындары болып табылмайтын басқа ұйымдарға инвестициялар.** Бір компания ондай инвестицияларды өзіндік құны бойынша бағалаған, ал ХҚЕС 39 сәйкес олар әділ құны бойынша бағалануға тиіс. Ондай инвестициялардың әділ құнына қатысты ақпарат жоқ болғандықтан, РОСК дайындаған топ стандартты сондай сақтамаудың көлемін бағалай алмады.
- **Мемлекеттің өтеусіз көмегі, соның ішінде мемлекеттің салымы болып табылатын ОС бағалау.** РОСК дайындаған топ компания иемденген құқықтар мен лицензиялар қауымдастырылған компаниялардың акционерлік капиталына қатысу үлесі түрінде енгізілген және кейіннен әділ құны бойынша қайта бағаланған бір жағдайды атады. Ол қаржылық есептемелерге ескерімдер сұрақтардың тұтас бір қатарына нақты жауап бермейді: мысалы, компания ол құқықтар мен лицензияларды кімнен және қандай баға бойынша сатып алды; кім және қалай ол құқықтар мен лицензияларды қауымдастырылған компаниялардың акционерлік капиталына қатысу үлесі түрінде енгізді; неге оларды қайта бағалау жүргізілді; ондай қайта бағалау ХҚЕС 38 «Материалдық емес активтерге» сәйкес әділ құнды айқындау принципіне сәйкес пе, және, соның ішінде, ондай құқықтар мен лицензиялардың қолданыстағы нарығы бар ма. Ондай ақпарат болмаса, сырттан пайдаланушылар жекешелендіру процессін бағалау немесе сондай компанияға қатысты негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті мәліметтер ала алмайды.
- **Құқықтарды, лицензияларды және ОС қайта бағалау.** РОСК дайындаған топ есептемелердің бірінде тапсырылған келесі ақпаратқа назар аударды: «ғимараттарды қайта бағалау баланстық құнының елеулі ауытқуынан сақтану үшін, жетерліктей тұрақты жүргізіліп отырады». Бұл есептеме жасаушылар мен аудитордың сапа бақылау рәсімінің

қаншалықты ойластырылғаны туралы мәселені көтеретін үрейлі хабар (бәлкім, бұл қате терілген болар).

- **Сатым алымдардың, соның ішінде сатып алынған активтер мен пассивтердің бухгалтерлік есебі.** Бірнеше компания мойындау сәтінде өзіндік құны бойынша бағаланатын, одан кейін «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік статистика және талдау жөніндегі комитетімен белгіленген негізгі қорлардың құнын ұлғайту коэффициентін» пайдалану арқылы қайта бағалаудан өтетін ОС туралы ақпарат тапсырды. Аудиторлар сондай активтерді сатып алу кезінде оларға жатқызылған сомаларды бұрынғы мемлекеттік кәсіпорындарды сатып алу ретінде, демек, гудвиллға (кері гудвиллға) жатқызылған сома ретінде ескереді. Ондай ескерім орынды секілді көрінеді және оның салдарын сандық түрде бағалау мүмкін емес.
- **Зейнетақылық қамсыздандырудың есебі, соның ішінде төлемдері белгіленген зейнетақылық бағдарламалардың болу мүмкіндігі.** Мысалы, егер қаржылық есеп-қисапта зейнетақылық қамсыздандыру туралы ақпаратты ашуға заңнамалық талаптардан іріктемеге енгізілген компанияның төлемдері белгіленген зейнетақылық қамсыздандыру бойынша міндеттемесі бар болса, онда есептік саясат бойынша компания жарналары белгіленген зейнетақылық бағдарламаның бухгалтерлік есебін қолданады.
- **Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемедегі ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттерінің компоненттері.** Кейбір компаниялардың ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемелерінде мерзімді депозиттер «ондай депозиттердің мерзімі қашан өтетінінен тәуелсіз», «ақша және оның эквиваленттері» бабында көрсетіледі. Бұл үш айлық лимит белгілейтін ХҚЕС 7 «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемеге» қайшы келеді. Оның үстіне кейбір мерзімді депозиттерде пайдалануға шектемелер бар, себебі олар кепілзаттар немесе кепілдіктер мәртебесіне ие. Ондай депозиттерді «ақша және оның эквиваленттері» бабынан шығарып тастау керек секілді.
- **Мүдделі тұлғалармен мәмілелер туралы ақпаратты ашу.** 2004 жылы бір компания 5,5 млн АҚШ долларына еншілес компания сатып алды. Сатып алу сәтіне қарай ол еншілес компания АВС компаниясына төлеуге жататын 5,3 млн АҚШ доллары мөлшерінде өсімсіз қарыз бойынша қарызгер болған еді. Ол қарыз 5,3 млн АҚШ долларына бағаланған, ол оның әділ құнынан асатын тәрізді, демек таза сатып алынған активтердің әділ құны төмендетілген. Қарыз 2004 жылы өтелген. Бұл мәміле кез келген жағдайда, мүдделілік бар мәміле болып табылады, бірақ қаржылық есеп-қисапқа ескерімдерде ол мүдделілік бар мәміле ретінде аталмаған.

69. **КСБУ негізінде жасалған қаржылық есеп-қисаптың саны әдетте өте төмен болды және, сонымен қатар, КСБУ сақтамауға байланысты бірқатар елеулі проблемалар пайда болды.** Ол проблемалардың елеулілігі сонша, көптеген жағдайларда сондай қаржылық есеп-қисаптарды пайдаланушылар оларды негізді шешімдер қабылдау үшін қолдана алмайды және одан да жаманы, шешімдер қабылдау процессінде қате жолға түсуі мүмкін. Аталған проблемалардың қатарына төмендегілер жатады:¹⁶

- **КСБУ 30 «Қаржылық есеп-қисап тапсыруды» сақтамау.** Қаржылық есептемелердің аудиторлар растаған сегіз жиынтықталымында қаржылық есептемелердің форматы КСБУ көзделгеннен елеулі өзгеше болды. Мысалы, осы жағдайлардың барлығында есептік саясат көрсетілмеген, бұл ол қаржылық есептемелерді пайдаланушылардың түсінуін өте қиындатады. Сонымен қатар, екі жағдайда баланстағы және табыстар мен шығасылар туралы есептемедегі цифрлар ескерімдердегі цифрлардан едәуір басқа болды.

¹⁶ РОСК дайындаған топ тек оның пікірі бойынша, елеулі болған және ешқандай күмән туғызбайтын проблемалар туралы ғана хабарлауды ұйғарды. Осыны ескере отырып, мұнда топ стандарттардың сақталмауының сипатына және елеулілігіне қатысты даусыз тұжырымға келе алмаған бірнеше стандарттарды сақтамау жағдайлары туралы хабарланбайды.

- **Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемені елеулі бұрмалау.** Қаржылық есептемелердің аудиторлар растаған төрт жиынтықталымында ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептеме баланспен және табыстар мен шығасылар туралы есептемемен сәйкес келмеді. Бір компанияда ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемеде жалпы баланстан 34% құрайтын активтерді сатып алу көрсетілмеген. Екінші бір компанияда ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептемеде құны 1,6 млрд теңге (доллардағы эквивалентте 12,3 млн) қаржылық активтерді сату көрсетілген.
- **Еншілес/қауымдастырылған компанияға инвестицияларға қатысты принциптік қателік.** Бір жағдайда іріктеме енгізілген компания 2004 жылғы 31-ші желтоқсандағы ахуалы бойынша оған еншілес компаниялардың бірінің (АВС компаниясының) акцияларының жүз пайызы тиесілі болғаны туралы хабарлады; сонымен бір мезгілде басқа бір компания сондай-ақ оған тап сол күнге қарай АВС компаниясының 49% акциялары тиесілі болғанын хабарлады. Жүргізілген талдаудың іріктемедегі екі компанияның қайсысы АВС компаниясына иелігі туралы қате хабар бергені туралы тұжырым жасауға мүмкіндік бермегін былай қойғанда, ондай қателік аудиторлар растаған қаржылық есептемелерге сенімді өте азайтады.
- **Мүдделі тұлғалар туралы жалған ақпарат немесе ондай ақпараттың болмауы.** Екі жағдайда мүдделі тұлғалар туралы жалған ақпарат тапсырылған, ал бірнеше жағдайда ондай ақпарат болмаған.

IV. АУДИТ СТАНДАРТТАРЫ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА

70. Жаңа «Аудиторлық қызмет туралы» Заң 2006 жылдың мамырынан бастап ХАС пайдалануды талап етсе, ол күнге дейін Қазақстандық аудит стандарттары (КСА) күшінде қалады. Сонымен қатар, көптеген аудиторлар ХАС емес, КСА құрамымен көбірек дәрежеде таныс болады. Сондықтан осы бөлімде КСА және ХАС арасындағы алшақтықтарға талдау жүргізіледі. КСА ХАС негізінде әзірленсе де, олар бір біріне онша сәйкес келе бермейді. 52-ші тармақта аталғандай (жоғарыдан қараңыз), Қаржы министрлігімен тек төменде берілген 11 КСА бекітілген:

КСА	Аналог в ХАС
КСА 1: Қаржылық есеп-қисап аудитының мақсаты және жалпы принциптері	ХАС 200: Қаржылық есеп-қисап аудитының мақсаты және жалпы принциптері
КСА 2: Аудит жүргізу шарттары	ХАС 210: Аудит жүргізу шарттары
КСА 3: Аудиторлық қызметтің сапасын бақылау	ХАС 220: Аудиторлық қызметтің сапасын бақылау
КСА 4: Құжаттама	ХАС 220: Құжаттама
КСА 5: Қаржылық есеп-қисап бойынша аудиторлық қорытынды	ХАС 700: Қаржылық есеп-қисап бойынша аудиторлық қорытынды
КСА 7: Жоспарлау	ХАС 300: Жоспарлау
КСА 8: Клиенттің бизнесін білу	ХАС 310: Клиенттің бизнесін білу
КСА 9: Тәуекелдікті бағалау және іштен бақылау	ХАС 400: Тәуекелдікті бағалау және іштен бақылау
КСА 10: Аудиторлық дәлелдер	ХАС 500: Аудиторлық дәлелдер
КСА 11: Алғашқы аудиторлық тексеру, кезеңнің басына шоттардың сальдосы	ХАС 510: Алғашқы аудиторлық тексеру, кезеңнің басына шоттардың сальдосы
КСА 12: Басшылықтың мәлімдемесі	ХАС 580: Басшылықтың мәлімдемесі

Нәтижесінде негізінен келесі екі себеп бойынша елеулі бөлеу оқылымдар орын алған:

- ХАС ұқсас қағидалары КСА қабылданғаннан кейін қайта қаралауы мүмкін (мысалы, ХАС 700 қайта қаралған және ХАС 200 және ХАС 210 тиісті түзетулер енгізілген);
- ХАС құрамына КСА құрамынан өз көрінісін таппаған 20 стандарттан астам және ұсынылған практика туралы 15 қағида кіреді (төменнен 73-ші тармақты қараңыз).

71. **КСА мен ХАС арасындағы айырмашылықтар КСА сәйкес жүргізілген аудиторлық тексерістің ХАС сақтай отырып, жасалған аудитқа қарағанда анағұрлым аз сенімділікті қамтамасыз ете алатындай алыс.** Ең елеулі бөлек оқылымдар КСА құрамында ХАС 20 стандарттан астамның болмауына байланысты туындайды, соның ішінде:

- **Аудиттың елеулілігі:** ХАС сәйкес аудиторлық тексерістің мақсаты аудиторға қаржылық есеп-қисаптың барлық елеулі аспектілері бойынша қаржылық есеп-қисапқа белгіленген талаптарға сәйкес жасалғаны туралы пікірін білдіруге мүмкіндік беру болып табылады. Ақпарат егер оның болмауы немесе бұрмалануы аталған қаржылық есеп-қисаптың негізінде қабылданған пайдаланушылардың шаруашылық шешімдеріне ықпал етуі мүмкін болса, «елеулі» деп саналады. ХАС 320 «Аудиттың елеулілігі» аудитордан (а) аудиторлық рәсімдердің сипатын, уақытын және форматын айқындау; және (б) бұрмалаудың салдарын бағалау кезінде, сондай-ақ қаржылық есеп-қисаптың барлық елеулі аспектілері бойынша қаржылық есеп-қисапқа белгіленген талаптарға сәйкес жасалғанын бағалау кезінде елеулілік аспектілерін есепке алуды талап етеді. КСА құрамында ондай талап жоқ және бұл (і) аудитордың елеулі параметрлер бойынша шүбәлі болып табылатын деректердің енгізілгенін немесе елеулі деректерді өткізіп алуды айқындай алмауына, содан қаржылық есеп-қисаптың шүбәсіздігін бұзуға әкеліп соғуы, немесе (іі) қаржылық есеп-қисапты пайдаланушыларда аудитор қаржылық операциялардың бірін қалдырмай тексеріп жатқан секілді әсер қалдыруы мүмкін.
- **Аудитор қаржылық есеп-қисапты аудиторлық тексеру кезінде алаяқтық әрекеттердің ықтималдығын ескеруге міндетті:** ХАС 240 «Аудиторлық тексерістер жүргізу кезінде аудитордың ықтимал алаяқтық әрекеттерді ескеруге міндеті» алаяқтықты қателіктен ажыратуды жорамалдайды және аудиторға есте ұстау қажет алаяқтық әрекеттердің екі типінің айқындамасын береді. Ол екі алаяқтық типі төмендегідей: (а) активтерді заңсыз иемденудің нәтижесінде пайда болатын бұрмаланымдар; және (б) қаржылық есеп-қисап жасау кезінде алаяқтықтың нәтижесінде туындайтын бұрамаланымдар. Аудиторлық тексерудің барысында елеулі алаяқтықтың анықталмауына байланысты тәуекелдікті минималдандыруға арналған арнайы рәсімдер қажет. КСА құрамында ондай талап жоқ.
- **Талдампаздық рәсімдер немесе аудиторлық іріктелім және басқа сынағалар:** ХАС 520 «Талдампаздық рәсімдер» аудитордан кәсіпорын мен оның бизнес ортасы туралы пайымдама жасау үшін, сондай-ақ аудиторлық тексерістің соңында жалпы қорытынды жасау кезінде тәуекелдіктерді бағалауға арналған талдампаздық рәсімдерді қолдануды талап етеді. КСА құрамында ондай талап жоқ.
- **Байланысқан тараптар:** ХАС 550 «Байланысқан тараптар» аудитордан басшылық байланысқан тараптарды, сондай-ақ қаржылық есеп-қисап жасау үшін елеулі маңызға ие мүдделілік бар мәмілелердің салдарын айқындау және ашу кезінде жеткілікті аудиторлық дәлелдер алуға арналған аудиторлық рәсімдерді орындауды талап етеді. КСА құрамында ондай талап жоқ.
- **Әділ құнның аудиты:** Көптеген жағдайларда ХҚЕС активтер мен пассивтердің құнын айқындау кезінде бағалау кезінде әділ құн көрсеткіштерін қолдануды белгілейді немесе жол береді. ХАС 545 «Әділ құнның және ашылған ақпараттың көрсеткіштерінің аудиты» аудитордан ол кәсіпорын мен оның бизнес ортасы, соның ішінде оның іштен бақылау жүйесі туралы пайымдама қалыптастыру шеңберінде кәсіпорында әділ құн мен ашылған ақпараттың көрсеткіштерін, сондай-ақ бекіту сатысында елеулі бұрмаланыстар тәуекелдіктерін айқындау және бағалау үшін және стандартта сипатталған қосымша аудиторлық рәсімдер әзірлеу және пайдалану үшін жеткілікті тиісті бақылау шараларын пайдалану кезінде қолданылатын рәсімдермен таныс болуын талап етеді. КСА құрамында ондай талап жоқ.

72. **Міндетті аудиттың сапасы біркелкі емес.** Аудиторлық тексерістердің қорытындыларымен танысудың (жоғарыдағы 66-шы тармақты қараңыз) және РОСК дайындаған топпен, жеке аудиторлармен, шағын және ірі аудиторлық фирмалармен және Аудиторлар палатасымен

талқылаудың нәтижесінде Қазақстанда орта есеппен аудиторлық практиканың сапа көрсеткіштеріне негативті ықпал ететін нақты проблемалар анықталды:

- **Халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылатын жергілікті фирмалар тәрізі, КСБУ сәйкес дайындалған қаржылық есептемелермен салыстырғанда, ХҚЕС сақтай отырып жасалған қаржылық есеп-қисапты анағұрлым терең аудиторлық тексеру рәсімдерін пайдаланатын және тексеруді анағұрлым тәжірибелі аудиторларға тапсыратын секілді**¹⁷. Бұл тек қана Қазақстандық ерекшелік болып табылмаса да, байқаушылар ондай практика КСБУ негізіндегі қаржылық есеп-қисап аудитының сапасынан теріс көрінуі мүмкін деп қауіптенеді.
- **Халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылатын жергілікті фирмалар тәрізі, қарызға ақша қаражаттарын немесе төте шетелдік инвестициялар тартатын компаниялардың ХҚЕС сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисаптарын анағұрлым терең аудиторлық тексеру рәсімдерін пайдаланатын және тексеруді анағұрлым тәжірибелі аудиторларға тапсыратын секілді.** Халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылатын жергілікті фирмалар ХҚЕС сәйкес жасалған қаржылық есеп-қисапты ондай құжаттаманы анағұрлым терең сапалы талдау рәсімдерінің көмегімен, соның ішінде келесіде Мәскеуде, ал кейде Лондонда немесе Франкфуртта техникалық сарапшыларды тарту арқылы тексеру нәтижелерін сараптау арқылы жүргізсе де, аталған рәсімдер тәрізі, шетелдік реттеу және/немесе толық көлемде аудитордың кәсіби жауапкершілігін көтеруге дайындық жоқ болған кезде жүйелі қолданылмайтын секілді.
- **Жергілікті аудиторлық фирмалар жасаған аудиторлық қорытындылардың айтарлықтай санының нашар дайындалғаны соншалық, тексерілген қаржылық есеп-қисапты пайдаланушылар тіпті аудиторлық фирма тындырған жұмыс туралы пайымдама жасауға қабілетсіз болуда.** РОСК дайындаған топ талдап шыққан 14 аудиторлық қорытындының сегізінде адресат болмаған, тексеруге ұшыраған қаржылық есептемелер көрсетілмеген, қаржылық есеп-қисабы тексеруге қос тіркелген компаниядан басқа компанияның атауы, сондай-ақ аудит стандарттарына сілтемелердің орнына бухгалтерлік есеп-қисап стандарттарына сілтемелер және т.б. болған.
- **Жергілікті аудиторлық фирмалар жасаған аудиторлық қорытындылардың бірқатары үстірт болып шыққан, бұл олардың Этика кодексін, соның ішінде олардың тәуелсіз мәртебесіне қатысты бөлігінде сақтауына күмән туғызбай тұра алмайды.** РОСК дайындаған топ тексеріп шыққан 14 аудиторлық қорытындының төртеуінде Қазақстандық бухгалтерлік есеп стандарттарынан (КСБУ) елеулі және анық шегіністер бар.
- **Жергілікті аудиторлық фирмалар жасаған аудиторлық қорытындылардың бірқатары аудиторлық рәсімдерге толық емес сәйкестікте орындалған және КСА мен аудиторлық тексерістің сапасына талаптардың сақталуына елеулі күмән туғызады.** РОСК дайындаған топ тексеріп шыққан 14 аудиторлық қорытындының үшеуінде аудиторлық фирма қолданған аудиторлық рәсімдер баяндалған қосымша болды. Топ сарапшылары осы үш құжаттың барлығында төмендегілерге қарамастан аудиторлық фирманың сөзсіз оң қорытынды бергенін атады:
 - аудиторлық фирмаға тауарлық-материалдық қорлар туралы сандық деректер тапсырылмаған және оның еншісіне 23% жиынтық активтер түсетін мүліктің, машиналар мен жабдықтың іс жүзінде бар екеніне (компанияның жұмыс істегеніне бірінші жыл) көз жеткізбей, тек шоттармен және бухгалтерлік тіркелімдермен танысуды қанағат тұтқан. Басқа екі аудит бойынш топ сарапшыларында сол іспеттес ескертпелер туындады.

¹⁷ Халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылатын жергілікті аудиторлық фирмалар өздері КАС сәйкес дайындалған қаржылық есеп-қисапты, сондай-ақ ХАС сәйкес дайындалған қаржылық есеп-қисапты аудиторлық тексеруге аудит стандарттары, қызметкерлер құрамы және сапаны тексеру тұрғысынан бірдей тәсілдеме пайдаланатындарын айтады.

- Аудиторлық фирма компанияның жалпы активтерінің 62% құрайтын аванстық төлемдер туралы растамаларға сұратым салған жоқ. Аудиторға жинаудың сәті түскен дәлелдер аудиттың талаптарына сай болуы міндетті емес ішкі пайдаланыс құжаттары болып шықты. РОСК дайындаған топтың сарапшылары тағы бір қорытынды бойынша тап сондай ескертпе жасады.

V. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕП-ҚИСАПТЫҢ САПАСЫН ТҮСІНУ

73. РОСК дайындаған топтың жалпы әсері Қазақстандағы қаржылық есеп-қисап тың сапасын бұл орайда компанияларды тексеруші аудиторлық фирманың параметрлерімен және қолданылатын бухгалтерлік есеп стандарттарымен тығыз байланысты екі санатқа бөлуге болады дегенге саяды:

- Нарықтың пікірі бойынша, халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері жергілікті фирмалардың аудиторлық тексерісіне ұшырайтын компанияларда әдетте ХҚЕС талаптарына сай жақсы сапалы қаржылық ақпарат болады. Ондай компанияларда сапалы аудиторлық қорытынды алу үшін қажетті бағаны төлеуге тиісті мүмкіндіктері бар не міндетті, не болмаса мүдделі. Жоғарыда III бөлімде аталғандай, ХҚЕС бойынша тексерілген қаржылық есептемелердің іріктемесіне шолудың нәтижелері нарықтың күтістерін растайды, алайда оған байланысты ХҚЕС "нысаны бойынша" сақтау "мазмұны бойынша" сақтаудан басым болмайды ма деген күмән туады.
- Нарықтың пікірі бойынша, өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын КСБУ сәйкес дайындайтын және/немесе дербес аудиторлар мен халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылмайтын аудиторлық фирмалар тексеретін басқа компанияларда анағұрлым төмен сапалы қаржылық ақпарат болуға тиіс. Ондай компаниялардың басым бөлігі аудиторлық қорытындыларды тек олардың құқықтық мәртебесінен туындайтын өздерінің ресми міндеттемелерін орындау үшін алады және бұл орайда аудиторлық фирмалардан ондай ақша үшін әлдебір ерекше жұмыс күтпей, орындалған тексеріс үшін мүмкіндігінше минималды сома төлегенді қалайды. Бұл тұрғыдан III бөлімнің материалдары нарықтың күтістерін растайды.

Бұл орайда алайда нарық бақылау органдары CAP/CIPA біліктіліктерін алуға куәландыруды практикаға енгізгеннен кейін аудиторлық тексерістер сапасының біртіндеп жақсаруын күтеді (II.C бөлімді қараңыз). Нарыққа қатысушылар бірнеше дүркін аудиторлық қорытындыға қол қойған ресми аудитордың лицензиясының нөмірін оның құзыреттілік сыныбының куәлігі ретінде қарастырады. Лицензиялардың реттік нөмірлемесі бар болғандықтан, нарыққа қатысушылар өздері үшін аудитордың нөмірін еске сақтайды және CAP/CIPA біліктіліктерін алуға куәландыру енгізілгеннен кейін берілген лицензияларды жалпы алғанда бұрын берілген лицензиялардан көрі көбірек сенімге лайық деп санайды.

74. Ол жағдай жалпы мақсаттағы қаржылық есеп-қисап құжаттарының әдетте қаржылық ақпаратты пайдаланушылардың қандай да бір маңызға ие болып саналмайтынымен қиындайды, бұл ешқандай бір шамада кәсіпорындарды өздерінің жалпы мақсаттағы қаржылық есеп-қисаптарының сапасын көтеруге ынталандырмайды. Ондай стимулдың жоқтығына мысал төмендегілер бола алады:

- Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттік (АФН) өзінің бақылау функцияларын атқару кезінде міндетті есеп-

қисапты бақылауға сүйенуге бейім және ХҚЕС сақталуын қамтамасыз етуге мүлдем дерлік күш салмайды. Алайда, реттелетін кәсіпорындардың қаржылық есеп-қисаптарын дайындау сапасы одан жоғары тәрізді, өйткені олар халықаралық аудиторлық желілердің мүшелері болып табылатын аудиторлық фирмаларды тарта алады.

- Банктер несиелерді негізінен кепілзатқа береді және сондықтан оларды өздері несиелендіретін кәсіпорындардың қаржылық есеп-қисаптарынан көрі қамтамасыз етілген активтердің болуы және құны толғандырады.
- Салық органдарын тек салық кодексіне қатысы бар қаржылық ақпарат қызықтырады, бұл фирмалардың салық кодексінің негізіне қаланған мойындау және өлшеу өлшемдеріне құрылған базалық деректерді есепке алу жүйелерін әзірлейтініне апарады, және де ХҚЕС/КСБУ талаптарын сақтау үшін, қаржылық есеп-қисап қайта жасалады.
- Бухгалтерлік есеп стандарттарын сақтамайтын кәсіпорындарға қарсы немесе аудит стандарттарын бұзушы аудиторларға қарсы санкциялардың жоқтығы тәрізі, жалпы мақсаттағы қаржылық есеп-қисап сұраусыз қалатын жағдай жасайтын секілді.

VI. ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫСТАМАЛАР

75. РОСК шеңберіндегі осы талдаудың басты мақсаты тиісті органдар мен басқа да мүдделі тұлғаларға Президент алдыға қойған Қазақстанды әлемдік экономикаға табысты интеграциялау міндетін жүзеге асыруға ықпалдасу құралы ретінде корпоративтік сектордың бухгалтерлік есебін, қаржылық есеп-қисабын және аудиторлық жақсартуға көмек көрсету болып табылады. Ол ұсыныстамаларды іске асыру төмендегілерге жәрдемдеседі:

- іскерлік климатты жақсарту және жекеше секторға ішкі және шетелдік төте және қоржындық инвестициялардың көлемдерін ұлғайту;
- кепілзаттық несиелендіруден әлуеттегі қарызгердің қаржылық қызметінің көрсеткіштерінің негізінде несиелендіру нысандарына біртіндеп көшуді ұйымдастыру арқылы қаржылық сектордағы несиелік ресурстарға қатынауды жеңілдету арқылы шағын және орта кәсіпорындарды (МСП) өсіруді жандандыру;
- банк секторының орнықты дамуын қолдау және несиелерді қайтарылмау проблемаларына байланысты күйзелістік құбылыстар тәуекелдігін төмендету; ішкі қорланымдарды жұмылдыру; сондай-ақ
- жекеше, сондай-ақ мемлекеттік секторда үздік қаржылық көлегейсіздікті қамтамасыз ету және акционерлер мен жалпақ жұртшылыққа кәсіпорындарды басқару ахыалын талдауға және оның динамикасына ықпал етуге мүмкіндік беру.

Осы есептемеде реформалар жүргізудің ұсақ-түйекті жоспарын жасауға талпыныс жасалмайды, тек бухгалтерлік есеп жүйесін реформалауды және сайып келгенде кәсіпорындардың қаржылық есеп-қисаптарының сапасын көтеруді қамтамасыз етуді іске асыруды қолдау бойынша әдістемелік ұсыныстамалардың нобайы беріледі.

76. РОСК дайындаған топтың осы ұсыныстамалары өзара байланысқан және бірін бірі өзара қолдайды және бірлесе күш салып, Қазақстандағы қаржылық есеп-қисаппен қалыптасқан жағдайды жақсартуды мақсат етеді. Мысалы, тіпті бухгалтерлік есептік тамаша стандарттары да егер адамдар стандарттарды практикалы жайпақтыққа қалай аудару керектігін, яғни, оларды нақты бухгалтерлік жазбаларға қалай айналдыру керектігін түсінбесе, әуел бастан қатер астында болуы мүмкін және ең қатал міндетті және нормативтік сұлба егер оған тиісті құқықтық санкциялар ілеспесе, жұмысқа жарамсыз болып шығады. Сонымен қатар, талдампаздық бөлімдегі 1-ші суретте көрсетілгендей, кейбір ұсыныстамалар дереу нәтиже әкелмейді, бірақ бұл орайда егер біз

Қазақстандағы қаржылық есеп-қисап жүйесі көз жетер болашақта дамыған елдердің деңгейіне көтерілгенін қаласақ, олар бірінші кезекті болып қала береді.

77. Тиісінше, аудиттың міндеттілігіне қатысты тұрғыдан біз төмендегі талаптарды енгізуге ұсыныс жасаймыз:

- Заңды тұлғаның және/немесе жиынтық қаржылық есеп-қисаптың аудитын тек сондай тұлғаның мәртебесінен тәуелсіз, мемлекеттік немесе қоғамдық құрылымдардың тарапынан мүдделілік болғанда талап етіледі. Алайда, егер тіпті аталған талаптар іске асырылғаннан кейін де қажет етілген аудиттардың саны нарықтағы білікті аудиторлардың бар санынан асатын жағдаяттар туындап отыратын болса, директивтік органдар міндетті аудит талаптары Қазақстанда бар оны өткізу мүмкіндіктерінен асып кетпеуіне жол бермеу мақсатында ол талаптарды сатылап енгізуге тиіс болады.
- Оған сәйкес ХАС құрамына қосымша егер олар міндетті аудиттың форматына қатысты нақты талаптардан (мысалы, АФН міндетті бақылау рәсімдерінің шеңберінде банк аудитына қосымша талаптардан) туындайтын болса, толық көлемде қосымша стандарттар мен рәсімдер белгілене алатын "ХАС плюс" үлгісін жаратқандыққа мүмкіндік.
- Аудиторлар палатасының мандатына оған жұртшылықтың, атап айтқанда, клиенттерден, несиегерлерден, үкіметтік құрылымдардан, жұмыс берушілерден, жұмыскерлерден, инвесторлардан, бизнес қоғамдастықтардан, қаржылық институттардан, сондай-ақ аудиторлардың объективтілігі мен адалдығына тәуелді басқа тұлғалардан тұратын аудиторлық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін ескеру міндетін енгізу үшін, түзету.
- Аудиторлық кәсіптің іс жүзінде қоғамның мүдделеріне қызмет етуін қамтамасыз ету мақсатында Аудиторлар палатасының қызметін қоғамдық бақылау жүйесін құру.
- Көпшіліктік мүдделі ұйымдарға алғашқы талап бойынша өздерінің тексерілген (және жиынтық) қаржылық есеп-қисап құжаттарын баланс дайындаудан кейін ақылға қонымды мерзімдерде жұртшылыққа беруге талап¹⁸.

78. Бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі ұсыныстамалар.

- Аударма процессін жандандыру, яғни, бүкіл елде ақылға қонымды баға бойынша алғашқы талап еткеннен аталған стандарттардың ресми мәтінін алу мүмкіндігіне ие болу үшін, ХҚЕС орыс және/немесе қазақ тілдеріне аудармасының орнықты орындалуын қамтамасыз ету. Бұл орайда аударма процессін мемлекеттік сектордағы Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарының (ХҚЕСГС) және Халықаралық аудит стандарттарының аудармасымен үйлестіру (мысалы, ортақ ресурстар пулын құру, ортақ бағдарламалық жасақтама пайдалану және т.б. арқылы) керек.
- *Көпшіліктік мүдделі ұйымдарға* жатпайтын заңды тұлғаларда қолдану үшін оңайлатынған есеп-қисап жүйесін келісу үшін Бухгалтерлік есеп стандарттары жөніндегі комитет немесе Кеңестемелік кеңес құру қажет. Қазақстанда қолданыстағы бухгалтерлік есеп стандарттарын аталған стандарттарды талдау және қайта қарау жүргізілген шартта шағын және орта кәсіпорындардың оңайлатылған қаржылық есеп-қисап режимін әзірлеу үшін негіз ретінде алуға болады. Альтернативті нұсқа ретінде Қазақстан Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттары жөніндегі комитеттің (КХҚЕС) «МСП үшін бухгалтерлік есеп стандарттарының» ағымдағы жобасымен таныса алады.
- Директивтік және бақылау органдары қаржылық сектордағы міндетті есеп-қисап пен жалпы мақсаттағы есеп-қисаптың арасындағы байланысты қайтадан қарастыруға тиіс. ХҚЕС енгізу әдетте аталған стандарттардың оларға сәйкес «нормативтік меншік қорлар»

¹⁸ Аналогичные требования имеются в странах-членах ЕО. Они установлены Четвертой и Седьмой Директивами ЕО «Законодательство о компаниях», и Директивой о прозрачности.

(i) тұрақты болуға, (ii) қажет болған әркез сайын залалдардың өтемақысы үшін пайдаланылуға, және (iii) олардың құрамындағы сомалар тұрғысынан орнықты болуға сәйкес өлшемдердің маңызына күмән келтіруі мүмкін деген қауіптен қадағалау органдарының елеулі мазасыздығын туғызады. Сондай-ақ ХҚЕС қаржылық мекемелердің қаржылық есеп-қисап көрсеткіштерінде, соның ішінде нормативтік меншік қорларда тұрақсыздық туғызуы мүмкін және ол аталған мекемелердің қаржылық позицияларының экономикалық мазмұны жасырын болуына әкеліп соғуы мүмкін. Қазақстан Ұлттық банкі (НБК) және АФН ХҚЕС сақтай отырып, жұмыс істейтін қаржылық мекемелердің есеп-қисабынан көрініс тапқан меншік капиталда жасалған өзгертулерді түзету үшін, капиталдың жеткіліктілік көрсеткіштері бойынша міндетті есеп-қисап сүзгілерін әзірлеуге тиіс. Мұндай контекстте НБК және АФН Базель банктік қадағалау комитетінің және Еуропалық банктік қадағалау органдары комитетінің қамқорлығымен жүзеге асырылған жұмыстардың нәтижелерін пайдалана алады. Мұндай тәсілдеме жалпы мақсаттағы есептемелер мен міндетті есептемелердің арасындағы айырмашылықты түсіндіреді. Алайда бұл орайда бақылау органдары ХҚЕС бойынша жасалған қаржылық есеп-қисап сенімді болатын (өйткені олардың қорытындысы осы есеп-қисапқа негізделетін болады) жағдайды қамтамасыз етуге өте мүдделі, бұл оларды сондай-ақ акционерлер үшін немесе оларға бағдарланып қаржылық есеп-қисапты жасауға көмек көрсетуге мәжбүрлейтін болады.

- Қаржы министрлігі бухгалтерлік есеп саласындағы реформалардың жолында салық кодексін қолданудың нәтижесінде туындайтын кедергілерді минималдандыру мүмкіншіліктерін қарастыру үшін стандарттау және салықтық органдардың өкілдерінің қатарынан жұмысшы топты құруға тиіс.

79. Аудитты стандарттау жөніндегі ұсыныстамалар

- Аударма процессін жандандыру, яғни, бүкіл елде ақылға қонымды баға бойынша алғашқы талап еткеннен аталған стандарттардың ресми мәтінін алу мүмкіндігіне ие болу үшін, ХҚЕС орыс және/немесе қазақ тілдеріне аудармасының орнықты орындалуын қамтамасыз ету. Бұл орайда аударма процессін мемлекеттік сектордағы Халықаралық қаржылық есеп-қисап стандарттарының (ХҚЕСГС) және ХҚЕС аудармасымен үйлестіру (мысалы, ортақ ресурстар пулын құру, ортақ бағдарламалық жасақтама пайдалану және т.б. арқылы) керек.
- Аудиторлар палатасына оларға мұқтаж аудиторлық фирмалар басшыларының пайдалануы үшін стандартты аудит әдістемесі мен Аудит жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуге кеңес беріледі. Ол барлық аудиторлар қоғамдастығына аудиттың сапасын көтеруге мүмкіндік береді, ол өз кезегінде қоғамның қаржылық есеп-қисаптың құрамындағы ақпараттың шүбәсіздігіне сенімін арттырады.

80. Бухгалтерлік есеп және қаржылық есеп-қисап стандарттарының сақталуына мониторинг және қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстамалар

- Қазақстан қор биржасы (КАФБ) өзінің вебсайтына келіп түскен тіркелген компаниялардың ақпарат ашу процессін бақылауын күшейтуге тиіс. Бақылау тобы алынған ақпараттың қ КАФБ сайтында дәл әрі уақытында ашылуын және белгіленген тәртіпті бұзу фактілерінің барлығының тергеу жүргізу үшін АФН атына хабарланып отыруын қамтамасыз етуге тиіс.
- АФН бухгалтерлік есеп стандарттарын жүзеге асырудың халықаралық мойындалған принциптерін қабылдауға тиіс. Осы есептемеде Еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер комитеті (КЕРЦБ) АФН үшін анықтамалық ретінде ұсынған «Еуропада қаржылық ақпарат стандарттарын жүзеге асыру» № 1 стандарты қарастырылады. Аталған принциптерді қабылдау АФН үшін басқасымен қатар, қаржы нарықтары мен жалпақ жұртшылыққа керекті және шүбәсіз қаржылық ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін мониторинг рәсімдерін әзірлеу және оларды практикада жүзеге асыруды әзірлеуге

түрткі болады. Стандарттарды мәжбүрлік қолдану бойынша әрекеттерді олар белгілі бір рөл атқаруға арналса да, азаматтық немесе қылмыстық санкциялармен шатыстырмау және капитал нарықтарының жұмыс істеу тиімділігін көтеру үшін, елеулі параметрлері бойынша шүбәсіз болуға тиіс қажетті ақпаратқа қол жеткізуге күш салу керек. АФН егер жарияланған қаржылық есеп-қисапта елеулі қателік табылса, тиісті түзету жұртшылықтың мәліметіне жеткізілетін болуы үшін, стандарттарды қолдануды қамтамасыз ету бойынша шешім қабылдауға тиіс.

- Қадағалау органдары (АФН, НБК, Қаржы министрлігі және т.б.) өздерінің негізгі жұмыскерлерін сынақ өтілін және тиісті қызмет салаларында, сондай-ақ ХҚЕС қолдану саласында мониторинг және қадағалау тұрғысынан озық халықаралық тәжірибені үйренуі үшін шетелдегі баламалы мекемелерге жолдап отыруға тиіс. Сонымен қатар, қадағалау органдары екіақты ынтымақтастық бағдарламаларына қосылып, Қазақстанға АФН, НБК, КАФБ және т.б. үздік қызметкерлерімен жұмыс істеу және оларға «жұмыс орынында» практикалық көмек көрсету үшін туыстас мекемелерден тәжірибелі реттеушілерді шақыра алады.
- АФН ХҚЕС таныс қосымша қызметкерлер құрамын жинаудың есебінен өзінің сандық құрамын ұлғайтуға тиіс. Бухгалтерлік есеп стандарттарын қолдануды қамтамасыз ету бойынша өзінің міндетін орындау үшін, АФН ХҚЕС шеңберінде терең білімдері мен жұмыс тәжірибесі бар қызметкерлер құрамын жинауды жүргізуге тиіс. Кез келген жағдайда АФН үшін ХҚЕС толық көлемде және бүгінгі талаптарға сәйкестікте сақталуын қамтамасыз етуге арналған желі мен тиісті рәсімдер құру қажет болады.
- АФН екі жақтың да мүдделерінде өзінің практикашы аудитормен жұмыстық байланыстарын нығайтуға ұмтылуға тиіс. Қадағалау органдары мен аудиторлардың мақттары бөлек болса да, қадағалау саласындағы мамандар мен сырттай аудиторлардың жұмысы қиғаштасып отырады және екі жаққа да пайдасын тигізіуі мүмкін. Төменде аудиторлардың назарын тартуы және қадағалау органдарының өкілдерінің тарапынан шұғыл шараларды қажет етуі мүмкін басқа аспектілердің мысалдары берілген:
 - шешімдер қабылдау үшін жауапты компанияның органдарында елеулі келіспеушіліктердің орын алуы немесе әлдебір басшының негізгі қызметтен күтпеген жерден кетуі;
 - аудитордың тапсырмадан бас тартуға ниеті немесе аудиторды тапсырмадан шақырып алу;
 - банктің тәуекелдіктеріндегі немесе сақтандыру фирмасының бизнесіндегі негативті елеулі өзгерістер және тәуекелдіктермен жағдаяттың одан әріде қолайсыз даму тәуекелдігі.

Сонымен қатар, АФН аудитордан қадағалау органдарына олардың функцияларын орындауда көмек көрсету ретінде әлдебір тапсырмалар орындауды немесе арнайы қорытындылар дайындауды (мысалы, бухгалтерлік және өзге есеп жүйесі мен ішкі аудит жүйесінің баламалығы туралы; банк немесе сақтандыру компаниясы қадағалау органдары үшін материалдар дайындауда пайдаланатын әдстемелердің баламалығы, тап солай ағымдағы активтердің міндеттемелерге қатысты белгілі бір қатынастық коэффициенттері және басқа міндетті көрсеткіштер кіруі мүмкін аталған материалдардың құрамындағы ақпараттың сенімділігі туралы және басқа) талап ету мүмкіндігін көздей алады. Ондай жүйелер құрған кезде қадағалау органдарық мойындалған, мысалы, Базель банктік қадағалау комитеті мен Халықаралық бухгалтерлер федерациясының (МБФ) Халықаралық аудиторлық практика жөніндегі комитеті 2002 жылдың қаңтарында әзірлеген «банктік қадағалау органдары мен сыртқы банк аудиторларының арасындағы қарым-қатынастар» бойынша ұсыныстамаларды басшылыққа алуға тиіс. Ондай шешімдердің тиімділігі осындай қарым-қатынастарды құқықтық аспектіде, атап айтқанда өздерінің қадағалау органдарымен қатынастарында жабықтыққа құқықтан тура бас тарту тұрғысынан дұрыс ұйымдастыруға байланысты болады. Ол сондай-ақ тек сенімді біліктілігі бар

аудиторлардың банктерді, сақтандыру және листингтік компаниялардың алықө тексерістерді орындауға жіберіле алатынына кепілдіктерден негіз алады.

- Қазақстан аудиторлар палатасының «Аудиторлық қызмет туралы» Заңға сәйкес міндетті аудитпен шұғылданатын барлық аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың сапасын қамтамасыз ету жүйесін табысты енгізуі қажет. Сонымен қатар, сапаны бақылау жүйесі жұртшылық үшін қол жетерлік болуға тиіс. Міндетті аудит үшін сапаны қамтамасыз ету жүйесі аудиторлық тексерісті орындау сапасына кепілдіктер үшін әбден қажетті және сондай сапа жарияланатын қаржылық көрсеткіштерге сенімді нығайтады және бизнестің құны мен акционерлердің, инвесторлардың, несиегерлер мен басқа мүдделі тұлғалардың қорғалуын арттырады. Ондай жүйе ЕО елдерінде, әсіресе Еуропалық одаққа 2004 жылғы 1-ші марыда қосылған және аталғна жүйелерді Қазақстанда бар шарттарға сәйкес болмаса да, ұқсас шарттарда іске асыруға тура келген елдерде қазір бар практикалық тәжірибенің базасында құрыла алады. Сонымен қатар, МФБ мүшелерінің міндеттері туралы № 1 қағида осы тұрғыдан пайдалы ұсыныстама болып табылады. Сырттан аудит сапасын қамтамасыз ету жүйесінің талаптарын сақтау нәтижелері аудиторлық лицензия берген кезде ескерілуге, үзіліссіз кәсіптік даму бағдарламасында және/немесе мән-жайларға байланысты тәртіптік әсер ету шараларында көрсетілуге тиіс.
- Қазақстанда міндетті аудиторлық тексерістерді тиіссіз орындауды анықтауға, түзетуге және алдын алуға арналған тиімді тергеу және санкциялар қабылдау жүйесін құру қажет. Аталған жүйе «Аудиторлық қызмет туралы» заңды, ХАС және/немесе Дипломды бухгалтерлер этикасының кодексін бұзатын аудиторлар мен аудиторлық фирмаларға қатысты қабылдауға болатын тиімді пропорционалды және сақтандырушы азаматтық, әкімшілік немесе қылмыстық жазалау шараларын қамтамасыз ете алады. Сонымен қатар, қабылданған шаралар немесе міндетті аудитпен шұғылданатын аудиторлар мен аудиторлық фирмаларға салынған санкциялар тиісті түрде жариялылыққа жатқызылуға тиіс.

81. Бухгалтерлер мен аудиторлардың кәсіптік біліктілігін көтеруді ұйымдастыру жөнінде ұсыныстамалар

- Қазақстанда қазақстандық салықтар, азаматтық құқық, сақтандыру және зейнетақылық заңнама бойынша емтиханды табысты тапсыру шартында шетелде алынған ACCA (UK) және CPA (USA) секілді жоғары кәсіптік біліктілік мойындалуға тиіс. Басқа елдердің аудиторларының біліктілігі Қазақстанда мойындалмайтыны басқа елдердің озық тәжірибесінің мысалдарымен келіспейді. РОСК дайындаған топ егер қажетті білімдер мен тәжірибенің орын алуына растама болса, емтиханды толық көлемде тапсыруды талап етудің қажеті жоқ деп санайды. Өзара мойындау туралы мәселе Қазақстандағы аудиторлардың біліктілігі толық көлемде халықаралық стандарттардың талаптарына беретін болғаннан кейін ғана әлдебір маңызға ие болады.
- ACCA (UK) және CPA (USA) сертификаттары бар кандидаттарға, ҚР азаматтарына, сондай-ақ бейрезиденттерге аудитордың біліктілігін аталған сертификаттардың негізінде беру және олар үшін қазақстандық салықтар, азаматтық құқық, сақтандыру және зейнетақылық заңнама бойынша емтихан тапсыруды шектеу.
- Қазақстан бухгалтерлік есеп, аудит, сақтандыру бизнесі, банк секторы саласында және басқа салалардағы кәсіпқойлардың бүгінгі жетіспеушілігін толтыра алатын қажетті біліктілікті шетелдік мамандар үшін физика мен жұмысқа рұқсат алу рәсімдерін оңайлатуға тиіс.
- Аудиторлар палатасы тиісті мүдделі тұлғалар әлдебір нақты аудитордың немесе аудиторлық фирманың ресми болып табылатынын жылдам айқындай алуы және басқа ақпарат ала алуы үшін, міндетті аудиторлық тексерістер жүргізетін аудиторлар мен аудиторлық фирмалардың қоғамдық электрондық тіркелімін құруға тиіс. Оны қоғамдық электрондық тіркелімде тіркеу болғанда жасауға оңай. Егер аталған қоғамдық тіркелім

шетел тіліне айдарылса, онда бұл одан келер пайданы, әсіресе төте шетелдік немесе қоржындық инвестицияларға қажеттілік контекстінде елеулі көтереді.

- Аудиторлар палатасы Қазақстанда аудиторлық істі дамытуға тиімді жәрдемдесуі үшін, оның құқықтары мен өкілеттіктерін кеңейту қажет. Атап айтқанда, оның төмендегідей қызметтер көрсетуге мүмкіндігі болуға тиіс:
 - Палата мүшелері үшін кеңестемелік және ақпараттық көмек;
 - шығын аудиторлық фирмалар үшін аудит жүргізу жөнінде нұсқаулық әзірлеу және тарату;
 - аудит және шағын аудиторлық фирмалар үшін аудиттың стандартты әдістемесін әзірлеу.
- Аудиторлар палатасының жүзеге асыруы және тиісті туыстас кәсіби органмен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасасу үшін қажетті жұмыстарды толық талдау жүргізу мүмкіндігін қарастыру керек.
- Қазақстан қазіргі параллельді оқыту жүйесінің орнына бухгалтерлер мен аудиторлардың біліктілігін біртіндеп көтеру әдістемесін жаракқа алуға тиіс. Бірінші қадам бухгалтер мен аудитордың мамандықтары бойынша бөлек САР/СІРА біліктіліктерін алу үшін оқыту модульдерін бағалау саласындағы ынтымақтастықты жандандыру болуға тиіс. Ең дұрысы нәтижелерді өзара мойындауға ұмтылу керек. Екінші қадам дәйекті жүйе құру және іске асыру болар еді. СІРА біліктілік деңгейінің ағымдағы сертификаты өдың біліктілігін алу үшін қажетті талап бола алар еді. Бұл СІРА сертификатына ие әлуеттегі аудиторлар барлық СІРА біліктілік деңгейінің барлық емтихандарын тапсырған және мамандығы бойынша 3 жылдық жұмыс тәжірибесі бар екенін білдіруші еді. Аудитор болу үшін, екі қосымша талапты орындау қажет болады:
 - біліктілік комиссиясына аудит бойынша емтихан тапсыру
 - аудиторлық ортада практикалық жұмыс тәжірибесіне ие болып, тағы екі жыл жұмыс істеу.

Аудит ойынша емтиханды модульдік немесе кешендік нысанда, не болмаса кешенді форматта жүргізуге болады. Кәсіби жарамдылық тек қосымша практикалық жұмыс тәжірибесінің негізінде растала алады.

- Практика МФБ талаптарына сәйкес ұйымдастырылуға тиіс. Тәлімгерлікті және бақылауды көтермелеу керек. Қазақстанда қолданыстағы практикаға талаптарды талдау және оларды МСО 5 Халықаралық білім стандартына сәйкестікке келтіру қажет.

82. Жалпы білім беру және оқыту жөнінде ұсыныстамалар

- Қазіргі орын алған жағдаятқа орай, басты назарды жоғарғы оқу орындарынан бастап және МБФ білім стандарттарының талаптарының шеңберінде өзінің кәсіби бухгалтерлік және аудиторлық біліктіліктерін үнемі арттыра отырып білім беру жүйесінүзіліссіз режимде дамытуға аудару керек.
- Жоғарғы оқу орнынан кейін оқыту бағдарламасы ХҚЕС бойынша қаржылық есеп-қисапқа, сондай-ақ МСО 2 стандартына сәйкес ұйымдастырушылық принциптерді және клиенттің бизнесін білу компонентіне баса көңіл бөлуге тиіс. САР/СІРА біліктіліктерін алуға куәландыру бағдарламасы бойынша материалдар тапсырылған және оқытушылардың бірқатары тиісті дайындықтан өтті. Бәлкім, ол жеткіліксіз болатын шығар, өйткені жоғарғы оқу орындарында кейбір пәндер бойынша білікті оқытушылардың жетіспеушілігі байқалады, сондықтан орыс және қазақ тілдеріндеі қосымша әдістемелік және оқу материалдарына қажеттілік бар. Жоғарғы оқу орындарының оқу жоспарларына экономика, іскерлік орта, корпоративтік басқару, іскерлік этика, қаржы нарықтары, сандық бағалау әдістемелері, ұйымдастырушылық аспектілер, басқа және стратегиялық жоспарлау бойынша пәндер, сондай-ақ басқа пәндер кіруге тиіс. Жоғарғы оқу орындарына бизнестің өсіп келе жатқан қажеттіліктеріне сәйкес болатын тиісті дипломдар алуға бағдарламалар

дайындау үшін кәсіптік қауымдастықтармен және бухгалтерлер қоғамдастығымен тығыз ынтымақтастық қажет болады. Біз атап өткен қажетті сырттан қолдау параметрлеріне қолда бар материалдарды ағылшын тіліндегі әдебиетпен салыстырмалы талдау, оқытушыларға арналған оқуды қолдауды жалғастыру және материалдарды аударуға көмек көрсету кіреді.

- САР/СІРА біліктіліктерін алуға қазіргі куәландыру жүйесін өзгертудің қажеті жоқ, оны тек дипломды бухгалтердің біліктілігін және Кәсіпқой бухгалтерлер мен аудиторлар палатасына (ППБА) мүшелікті беру үшін негіз ретінде алу керек. Алайда ондай емтихандар жүйесі МСО5 талаптарына сәйкес практиканы міндетті өтуді енгізудің есебінен кеңейтілуге тиіс. ППБА толық құқықты мүшелік кандидаттар практиканы өту туралы талапты орындамайынша, оларға берілмейді.
- ППБА кандидаттар алатын практикалық тәжірибенің сұранысқа ие болуын қамтамасыз етуге тиіс. Кандидаттарды тәлімгер болып саналатын жетерліктей білікті маманға бекіту керек және және кәсіпқой бухгалтердің біліктілігін алуға куәландырудың алдында ППБА талдау үшін практиканы есепке алу журналын жүргізу қажет.
- Аудиторлар палатасы оған сәйкес дипломды аудиторлар қаржылық есеп-қисап және аудит туралы ең соңғы күнгі білімдер деңгейіне ие болуға міндетті МСО 8 стандартының талаптарын зерделеуге тиіс. Ол параметрлерді қанағаттандыру үшін, СМПБ біліктілігін алуға куәландыру аудиторлық кәсіптің өкілі аудитордың жұмысын құзыретті орындау үшін қажет кәсіби білімдерін, машықтарын және құндылықтарды, этиканы және іске көзқарасын бағалаудан кейін оған сәйкес болуға тиіс кірістік талап ретінде қалуға тиіс. Ол үшін САР/СІРА біліктілігін алуға куәландыру бағдарламасына қосымша жаңа емтихан енгізу керек болады.
- Аудиторлар палатасы аудитордың біліктілігін алуға кандидаттар біліктілік куәлігін беру үшін жеткілікті көлемде және мамандығы бойынша практикалық тәжірибе алуын қамтамасыз етуге тиіс. Сондықтан Аудиторлар палатасы аудит бойынша емтихандан өтуге кандидаттардың практикасы МСО 8, сондай-ақ МСО 5 талаптарына сәйкес тиісті түрде құрылған және бақыланатын болуы мақсатында, олар үшін Палатаның қауымдастырылған мүшесінің мәртебесін құруға тиіс.
- Біліктілік сынығамалау үшін нақты базаны айқындаудан кейін ППБА және Аудиторлар палатасы мүшесінің мәртебесін ұзартудың кәсіби біліктілікті көтеру жүйесіне (ПК) қатысуына тәуелділігін белгілеу маңызды. ПК жүйесін кәсіптік қауымдастықтар мен ұйымдар өздерінің мүшелерінің бухгалтерлік есеп және аудит стандарттары мен практикасы саласындағы білімдерін тұрақты жаңғыртып отыруды қамтамасыз ету үшін бақылап отыруға тиіс. Бұл тұрғыдан кәсіптік қауымдастықтар мен ұйымдардың біліктілікті үзіліссіз көтеру жүйесі үшін тиісті курстар мен оқу материалдарын әзірлеуі маңызды.
- Қазақстанда жергілікті орындарда Қазақстандық фирмаларға тексерістерді жүзеге асыратын бухгалтерлер мен аудиторларды бухгалтерлік есеп және аудиттың бүгінгі әдістемелерін практикалы қолдануды жетілдіру әдістеріне оқыту механизмін құру қажет. Практикалық тәжірибеге белгілі кемел бухгалтерлер мен аудиторларды тарту өте маңызды ұсыныстама болып табылады, оны орындау үшін оларды ХҚЕС және ХАС түсіну деңгейін одан әріде көтеруге және оларды Қазақстанда қаржылық есеп-қисап саласында практикалық жұмыста қолдануға түрткі болатын ынталандыру шараларын қабылдау қажет.

Егер сұраныс туралы сөзге келсек, онда директивтік органдар позитивті әдістерден (мысалы, оқу жүйелерін ұйымдастыруға салықтық жеңілдіктерден) ескертуші әдістерге (мысалы, қаржылық есеп-қисаптардың сенімсіздігі үшін жауапкершілікке тарту) дейін түрлі әдістер арқылы компаниялардың басшылығы сондай «қайта жарактауға» қаражат жұмсауы үшін стимулдар жасауға тиіс. Егер сөз мемлекеттік кәсіпорындар туралы болса, онда акционер ретінде бой көрсететін мемлекет өзіне бастамашылықты қабылдап,

мемлекеттік кәсіпорындардың бухгалтерлерінің біліктілікті көтеру (немесе «қайта жарақтау») бағдарламаларына қатысуын қамтамасыз ете алады.

Ұсынысқа келетін болсақ, онда Қазақстанда бухгалтерлерді оқыту орталықтары ашыла бастау үшін, белгілі бір стимулдар мен нақты шараларды көздеуге болады. Олар ұсынатын қызметтер Қазақстандық компаниялардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына бейімделетін болады. Қазақстандық компаниялардың көпшілігіне ХҚЕС стандарттарын қолданудың көптеген сырлары қажет болмайды. Есептеу әдісі, салықтық және қаржылық есеп-қисапты ажырату, қаржылық есеп-қисаптардың арасындағы өзара байланыс, әкімгерлік есеп және ақша қаражаттарының қозғалысының есебі секілді негізгі ұғымдар кәсіби біліктілікті көтеру курстарында негізгі зерделенетін пәндер болуға тиіс .

ҚОСЫМША. Еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер комитетінің (КЕРЦБ) № 1 Стандартымен салыстыру

№ 1 Стандарт Еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер комитетінің (КЕРЦБ) ұсынған *Еуропада қаржылық ақпарат стандарттарын қолдану* АФН үшін анықтамалық құжат болып санала алады. Қаржылық ақпарат бойынша № 1 Стандартта Еуропалық бағалы қағаздарды реттеушілер комитеті инвесторларды қорғау мақсаттарына, сондай-ақ қаржы нарықтарының адалдығына және ашықтығына ілгері жылжу үшін негізқалаушы ретінде стандарттарды қолданудың 21 іргелі принципі баяндалған. Осы қосымшада № 1 стандарттың өлшемдерінің көмегімен ол принциптердің әрқайсысына баға беріледі:

- *1-ші Принцип – 9-шы принципте аталған эмитенттер қаржылық ақпарат көздеріне мәлімдейтін стандарттарды қолдану туралы талаптардың¹⁹ мақсаты инвесторлардың мүдделерін қорғау және инвестициялар туралы шешімдер қабылдау үшін қажетті қаржылық ақпараттың ашықтығын арттыру арқылы нарыққа сенімді көтеру болып табылады.* Бұл 2004 жылы құрылған, құрамында бағалы қағаздар нарықтарын қадағалау үшін жауапты арнайы бөлім бар АФН мақсаттарына қисынды қосылады.
- *2-ші Принцип – Стандарттардың қолданылуын қамтамасыз ету қаржылық ақпаратта есеп-қисапқа тиісті нормативтік талаптардың сақталуын бақылау және оларды қолдану барысында бұзушылықтар анықталған жағдайда, қажетті шаралар қабылдау ретінде айқындалады.* Қазіргі сәтте тәрізі, жарияланатын есептемелерде ХҚЕС сақтаудың ешқандай мониторингі жүргізілмейтін секілді, ал негізгі назар құжаттарды тапсыру мерзімдерін бұзу үшін санкциялар секілді әкімшілік бақылау әдістеріне аударылады, бұл кей жағдайларда инвесторларға қажетті ақпараттың жеткіліксіздігіне әкеліп соғады.
- *3-ші Принцип – Қаржылық ақпаратта нормативтік талаптардың сақталуын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілік тиісті тәуелсіз құзыретті органдарға жүктелуге тиіс.* АФН құрудың нәтижесінде өзінің құрылымында реттелетін бағалы қағаздар нарығын қадағалау үшін жауапты арнайы бөлімі болатындай түрде құрылған тәуелсіз құзыретті орган пайда болды.
- *4-ші Принцип – Құзыретті әкімші органдардың атынан стандарттардың қолданылуын қамтамасыз ету функцияларын олар аталған әкімшілік органдардың бақылау астында және тапсырмасы бойынша жүзеге асыратын шартта, басқа органдар орындай алады.* Осы принципке сәйкес КАФБ үшін ХҚЕС сақталуын бақылауды жүзеге асыруға мүмкіндік пайда болады, бірақ бұл орайда РОСК дайындаған топ КАФБ нормативтік талаптарға жауап бермейтін қаржылық ақпаратты ескертусіз қабылдаған фактілердің бірқатарын анықтадық.
- *5-ші Принцип – Сақталуын қамтамасыз ету функциясын кімнің жүзеге асыратынын тәуелсіз, КЕРЦБ белгілеген қолдануды қамтамасыз ету бойынша кез келген стандарт бұлжытпай орындалуға тиіс.* АФН функцияларына банктердің, сақтандыру компанияларының, зейнетақы қорлары мен бағалы қағаздар нарығының қызметін міндетті қадағалау кіреді.

Міндетті қадағалау әлі күнге дейін АФН негізгі міндеті болып қалып келеді, бұл ондай жана ұйым үшін орынды да. АФН сондай-ақ тұтынушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуде маңыды рөл атқарады, және де айтарлықтай күш тұғындардан кеоіп түсетін шағымдарды тергеуге бағытталады. КЕРЦБ № 1 Стандарты бойынша қажет минималды өкілеттіктер мен сипаттамаларды назарға ала отырып, АФН банктердің, сақтандыру компанияларының және зейнетақы қорларының қаржылық есеп-қисаптарына қатысты қаржылық ақпарат стандарттарының сақталуына мониторинг және қамтамасыз ету кезінде позитивті рөл атқарады.

¹⁹ 9 –шы принципке сілтеме листингілік компаниялардың қаржылық ақпаратын реттейтін стандарттың форматын көрсету үшін беріледі.

Алайда, Қазақстандағы реттеу мәдениетінің ерекшеліктерін назарға ала отырып, АФН енгізуі мүмкін қаржылық есеп-қисап сапасын кез келген жақсартулар оның міндетті қадағалау еңберіндегі қызметінің жанама өнімі болатын тәрізді. № 1 Стандарттың құрамында оған сәйкес аудиторлар мен басшылықтан қосымша ақпарат туралы сұратым есеп-қисапқа, соның ішінде қаржылық ақпаратқа нормативтік талаптардың қолданылуын қамтамасыз ету мақсатын көздейге тиіс нақты қағида бар. АФН «Банктер және банктік қызмет туралы» Заңмен белгіленген стандарттар мен шектеулерді бұзу жағдайында бастамашы болатын рәсімдер шын мәнінде ұлттық заңнамамен көзделген айыптық санкциялар болып табылады. № 1 Стандартта сипатталған әрекеттер («әдетте нарықта адалдықты және нарыққа сенімді көтеруді мақсат тұтатын шаралар» болып табылады).

- *6-шы Принцип – Құзыретті әкімшілік органдар Үкіметтен және нарыққа қатысушылардан бірдей дәрежеде тәуелсіз болуға және бұл орайда қажетті өкілеттіктерге және жетерліктей ресурстарға ие болуға тиіс.* АФН құру қаржы нарығын мемлекеттік реттеудің тәуелсіз және тиімді жүйесін құруға бағытталған саясаттың құрамдас бөліктерінің болып табылады. АФН иеленетін ресурстар, тәрізі әбден жеткілікті болуға тиіс, қаржы нарығының бүгінгі мөлшерін ескергенде, АФН қолында оған өзінің функцияларын орындау үшін қажетті ақпаратты алуға құқықтар бар. Алайда ХҚЕС құрамымен жақсы таныс білікті қызметкерлер құрамы жетіспейді, бұл ХҚЕС сақталуына мониторингінің нақты міндетін орындауды қиындатады.
- *7-ші Принцип – Те необходимые полномочия, которые можно делегировать конкретным лицам, действующим от имени независимого компетентного административного органа, должны, по крайней мере, включать в себя право вести мониторинг финансовой информации, предусматривать право требовать дополнительную информацию от эмитентов и аудиторов и принятия мер, в соответствии с требованиями процедур обеспечения соблюдения.* По-видимому, все необходимые полномочия у АФН уже имеются, но агентство пока еще не считает своей первоочередной задачей обеспечение соблюдения стандартов бухгалтерского учета.
- *8-ші Принцип – Аталған тиісті құзыретті әкімшілік органдар: (а) баяндалған принциптердің негізінде стандарттардың тиісті белгіленген сақталу тәртібін әзірлеуді; және (b) сондай белгіленген тәртіпті іске асыруды қамтамасыз етуге тиіс.* Қаржылық есеп-қисапты міндетті бақылауға қатысты тұрғыдан, АФН стандарттардың сақталуын қамтамасыз етудің белгіленген тәртібін әзірлегені және практикада іске асырғаны айдан анық, оған 2004 жылы қабылданған шаралар куә.²⁰ Реттелетін кәсіпорындардың жалпы мақсаттағы қаржылық есеп-қисабын жасау кезінде ХҚЕС сақталуына мониторинг және қамтамасыз ету үшін сол іспеттес рәсімдер әзірлеу қажет.
- *9-шы Принцип – Сақтауды қамтамасыз ету принциптері (а) бағалы қағаздары реттелетін нарықтағы сауда сессияларына жіберілген; және (b) реттелетін нарықта өздерінің бағалы қағаздарын саудалықтарға жіберуге өтінімдер берген эмитенттер тапсыратын қаржылық ақпаратқа таралуға тиіс.* Саудалықтарға рұқсат алуды қалайтын аталған ұйымдар тапсыратын қаржылық ақпарат өте мұқият тексеріледі, ал саудалықтарға рұқсат алған эмитенттердің қаржылық ақпараты одан көрі жеңіл талдауға ұшырайды.
- *10-шы Принцип – Сақтауды қамтамасыз ету принциптері барлық өзара байланысты қаржылық құжаттардың құрамындағы, соның ішінде дербес, сондай-ақ жиынтық форматта дайындалған жылдық және аралық қаржылық есептемелерде, сондай-ақ проспектілер мен сол іспеттес құжаттардағы қаржылық ақпаратқа қолданылуға тиіс.* Осы принципті сақтау АФН қолданылатын мониторингілік рәсімдердің әрекет саласын кеңейтуді және оларды биржада тіркелген компаниялардың жылдық және аралық қаржылық есептемелеріне таратуды қажет етеді.

²⁰ АФН жүзеге асырған мониторинг және қадағалау туралы ақпарат оның жылдық есептемесінде бар.

- *11-ші Принцип – Эмиссия проспектілерінен басқа қаржылық ақпаратты тексеру үшін жалпы қабылданған практика тіпті егер алдын ала ресімдік тексеруге тыйым салынбаса да, «факт бойынша» бақылау болып табылады.* Кей жағдайларда, мысалы, әлдебір компания қаржылық құралдарың әлдебір нақты типін алғаш рет пайдаланатын уақытта, тіркелген компания нақты есепке алу немесе ақпарат ашу операциясы бойынша алдын ала тексеру рәсімін жүргізуді талап етуді мақсатқа сай деп санауы мүмкін.. 20-шы Принципте берілгендей, АФН өзіне *de facto* ХҚЕС қолданудың жалпы мәселелері жөнінде кеңесшінің функцияларын алмауға тиіс, себебі оның рөлі есеп-қисапқа мәлімденетін талаптарды айқындау емес, сол талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру болып табылады. Осы принципті сақтау тіркелген компания тапсырған ақпарат бәлкім, АФН бұрын өткізген алдын ала тексеруден тәуелсіз, ол жарияланғаннан кейін тиісті мониторинг рәсімдерінің шеңберінде тексерілуге тиіс екенін білдіреді.
- *12-ші – Принцип - Эмиссия проспектілерін бақылау үшін қалыпты рәсім күтістегі(ex ante) нәтижелерді тексеру және бекіту болып табылады. Эмиссия проспектілерінде берілген қаржылық ақпаратта стандарттардың талаптарының сақталуын сондай-ақ "факт бойынша" (ex post), бірақ қосымша шара ретінде тексеруге болады.* Жоғарыда аталғандай, Қаржы нарықтары туралы заң қаржылық есеп-қисап құжаттарының құрамындағы бүкіл қаржылық ақпараттың кез келген мүдделі тұлғаға берілуін талап етеді. РОСК дайындаған топ эмиссия проспектілерін шығаруға рұқсатты (ex ante) үнемі АФН беріп отырғанын анықтады. Алайда топ АФН жүргізетін талдаудың ақтық сипатына қатысты ешқандай қорытынды тұжырымдамады.
- *13-ші Принцип – Қаржылық ақпаратта стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету рәсімдерін қолдану әдетте эмитенттердің таңдауына және талдауға арналған құжаттарға байланысты болады. Алайда, тек қана тәуекелдіктерді талдауға негізделген тәсілдеме де жарамды әдіс бола алады.* Аталған принципті сақтау үшін, барлық тіркелген компанияларда талаптардың толық сақталуына қол жеткізетін қаржылық ақпаратты талдау жүйесін құру қажет, сондықтан егер тіпті ықтимал бұзушылықтарға қатысты жорамалдар болмаса да, компаниялардың құжаттарына талдау жүргізуге әбден болады деп саналар еді. Алайда, ХҚЕС құрамымен жақсы таныс білікті аудиторлардың жеткіліксіздігін назарға ала отырып, неғұрлым мақсатқа сай әдістеме деп сақтамау тәуекелдігі бәрінен жоғары компанияларға назарды шоғырландыруға негізделген тәсілдемені санау керек. Ең алдымен, тексеріс жарияланған қаржылық ақпараттағы ХҚЕС елеулі сақталмау фактілерінің барлығын түзету үшін, олар бойынша білікті аудиторлардың қорытындылары бар барлық компанияларда жүргізілгенін қамтамасыз ету ақылға қонымды болар еді.
- *14-ші Принцип – Стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты органдарға 13-ші Принципте берілген таңдау әдістерін біртіндеп игеруге мүмкіндік беру үшін, уақытша жұмысшы нұсқа ретінде ерікті таңдауға және келесіде алмастыруға негізделген аралас таңдау әдістемесі ұсынылады. Алайда, бұл орайда ондай әдістеме анықталмау тәуекелдігінің әлдебір жарамды деңгейін көздеуге тиіс.* 13-ші Принципте берілгендей (жоғарыдан қараңыз), білікті аудиторлық қорытынды үшін тексеру объектілерін іріктеу механизмі өздерінің қаржылық есеп-қисаптарын дайындаған кезде тиісті талаптарды сақтамайтын эмитенттерге қатысты талаптардың сақталуын қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдауды қамтамасыз ету мақсатында АФН үшін бірінші кезекті міндетке айналуға тиіс. Алайда қоғамның жалпы жүйеге сенімін арттыруға жәрдемдесу және егер ол аудиторың мінсіз оң қорытындысымен тапсырылатын болса, қаржылық есеп-қисаптың ХҚЕС талаптарына және нормативтік құжаттарға толық сәйкестігін қамтамасыз ету үшін, белгіленген тәртіп рәсімдеріне ерікті іріктеу элементін енгізген маңызды.
- *15-ші Принцип – Таңдап алынған қаржылық ақпараттық құжаттарда стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету әдістері таза ресімдік қарап шығудан ақпараттың барлық элементтерін «жаратылысы бойынша» терең талдауға дейін*

ықтимал тексеру рәсімдерінің кең ауқымын қамтиды. Тәуекелдік деңгейі әдетте стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету органдары жүзеге асыратын талдаудың тереңдігін айқындауға тиіс. Талдауға жататын құжаттама типі де, эмитент туралы қолда бар ақпарат көлемі дер назарға алынады. Тіркелген компаниялардың қаржылық ақпарат тапсыруына қатысты нормативтік талаптардың сақталу ахуады бойынша жиналған нақты материал аталған талаптардың сақталмау деңгейі қазіргі кезеңде шектен тыс жоғары екенін көрсетеді.

- *16 Принцип – Қаржылық ақпараттан елеулі бұрмалау анықталған кезде, стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жауапты органдар ақпаратты тиісті ашуға шаралар қабылдауға және қажет болған жағдайда, аталған бұрмалауды жариялылық түзетуді талап етуге тиіс (есеп-қисап бойынша нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес). Есеп-қисапқа ресімдік талаптардан елеусіз ауытқулар әдетте тіпті егер олар жалпы алғанда тиісті түзетуге лайық болса да, жариялылық түзетуді талап етпейді. Елеулілік есеп-қисап бойынша қолданыстағы нормативтік құжаттарға сәйкес айқындалуға тиіс.* Ақпарат егер оны өткізіп алу немесе қайта тапсыру қаржылық есеп-қисапты пайдаланушылар қабылдайтын шешімдерге ықпал ете алатын болса, елеулі деп саналады. АФН егер жарияланған қаржылық есеп-қисапта мәні бойынша қателік пайда болғанда, тиісті түрде түзетілген ақпарат жұртшылықтың мәліметіне жеткізілетіндей жағдайды қамтамасыз ету үшін, стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету бойынша рәсімдерді белгілеуге тиіс. Елеусіз қателіктер анықталған кезде оларды компанияға табыстауға және/немесе онымен талқылауға болады, бірақ шектеулі ресурстарды сайып келгенде шешімдерге ықпал етпейтін және сол себепті өзінің оснынан бағалы қағаздар нарығы үшін негативті салдар ертпейтін проблемаларға жұмсау артық болар еді. Алайда, бұл орайда мысалы, 2004 жылда тіркелген компанияларды тексеру кезінде 25% жағдайларда дерлік орын алған қаржылық есептік құжаттарға жарияланған ескерімдердің жоқтығы секілді кемістіктер жоғары дәрежелі елеулі қателік болып саналады, себебі аталған ескерімдердің құрамында қаржылық есеп-қисапты, демек эмитенттің қаржылық жағдайы мен шаруашылық қызметінің көрсеткіштерін дұрыс түсіну үшін әбден қажеттердің санатына жататын ақпарат бар.
- *17-ші Принцип – Стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз ету органдарының деңгейінде қабылданатын шешімдерді ұлттық заңнамаға сәйкес бұзушыларға салынатын санкциялардан айыра білу керек.* Компанияларға немесе жеке тұлғаларға айыптық санкциялар салау аталған компаниялар немесе жеке тұлғалар үшін заңнаманы және нормативтік құжаттарды бұзғаны үшін жазалау шамасы болып табылады, бірақ жарыққа шыққан ақпаратты түзету немесе жақсарту бойынша ешқандай шараларды көздемейді. Стандарттардың талаптарының сақталуы үшін жауап беретін органдардың бірінші кезекті рөлі елеулі параметрлері бойынша сенімді ақпаратты қамтамасыз ету және сол арқылы капитал нарықтарының жұмыс істеуінің тиімділігін көтеруге жәрдемдесу болып табылуға тиіс. Бұл айыптық санкциялар немесе өзге жазалар мақсатқа сай деп саналатынын білдірмейді, одан көрі стандарттардың талаптарын сақтаушы органдардың нарық қажетсінетін және алуға құқылы ақпаратты оған табыс етуді қамтамасыз ету үшін түзету шараларын қабылдауды өздерінің бірінші кезекті міндеті деп санауға тиіс екенін көрсетеді. Қазақстан үшін әзірше осындай істердің ахуалы сипатты емес.
- *18-ші Принцип – Қабылданатын шаралар тиімді, уақтылы және анықталған бұзушылықтың салдарына пропорционалды болуға тиіс.* Жоғарыда аталғандай, АФН қабылдайтын стандарттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша шаралардың мақсаты нарыққа бағытталатын ақпараттың сапасын жақсарту болуға тиіс. РОСК дайындау жөніндегі миссияның 2005 жылдың қарашасында жұмыс істегенін және біздің 2004 жыл үшін берілген ақпараттан елеулі бұзушылықтарды анықтағанымызда ескере отырып, стандарттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы шаралар не тиімді, не уақтылы болып табылмайтыны туралы тұжырым жасауға болады.

- *19-шы Принцип – Бірдей бұзушылықтар үшін бірдей санкциялар көделетін келісілген стратегиялық әрекеттер жоспарын әзірлеу қажет.* АФН өзі қабылдауға тиіс рәсімдерді қарастыратындықтан, оған да сондай-ақ мысалы, қандай мән-жайларда қандай шаралар қабылдау керектігіне қатысты тұрғыдан аталған шараларды қабылдау тәртібін әзірлеген дұрыс. Аталған рәсімдерді тіркелген компаниялар енді ХҚЕС талаптарын және жылдық, сондай-ақ аралық қаржылық есеп-қисапқа қатысты басқа нормативтерді сақтау АФН мониторингінің саласының бір бөлігіне айналатынын жадыларына түю үшін, жариялаған дұрыс бола алар еді. Осының өзі стандарттардың талаптарының сақталуын қамтамасыз етуге стимул бола алады.
- *20-шы Принцип – Нормативтік талаптар саласында практикалық әзірленімдерді үйлесімдеуді алға ілгерілету және ХҚЕС қолдану практикасына стандарттардың нормативтік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету органдарының келісімді көзқарасын қамтамасыз ету үшін, тиісті органдар **ex ante** және **ex post** санаттарына жататын ақпараттың негізінде қабылдайтын шешімдерді үйлестіру қажет.* Бухгалтерлік есеп бойынша қарама-қайшылыққа толы елеулі ақпарат стандарттарды айқындау немесе ақпаратты түсіндіру үшін жауапты тиісті органдарға табысталуға тиіс. Стандарттардың талаптарын сақтауды қамтамасыз ету органдары ХҚЕС қолдану жөнінде ешқандай ұсыныстар шығармауға тиіс. АФН Халықаралық қаржылық есеп-қисапты түсіндіру жөніндегі комитет (КИМФО) жариялап отыратын ХҚЕС түсініктемесіндегі ағымдағы өзгерістерден құлағдар болғаны өте қажет. Ол сондай-ақ басқа елдерде, әсіресе трансшекаралық листинг тұрғысан стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету жүйелерінде болып жатқан өзгерістерді бағуға тиіс.
- *21-ші Принцип – стандарттардың сақталуын қамтамасыз ету органдары мезгіл-мезгіл жұртшылыққа өздерінің қызметі туралы ақпарат беріп отыруға, және кем дегенде жекелеген жағдайлар бойынша сақтауды, соның ішінде бухгалтерлік есепке және ақпаратты ашуға байланысты мәліметтерді жариялап отыруға тиіс.* АФН жкқрамында өзінің қызметі туралы көп ақпарат бар ылдық есеп-қисапты бекітті. Бағалы қағаздар нарығымен жұмысқа арналған бөлімдерді кеңейту және оларға ХҚЕС сақтау туралы ақпаратты және қор биржасында тіркелген компаниялардың есеп-қисаптарына басқа нормативтік талаптарды енгізу қажет.